

МҰНАЙЛЫ АЙМАҚТЫҢ АРҚАЛАР ЖҮГІ АУЫР

2-бет



МҰҚАҒАЛИДЫ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНАН КІМ ШЫҒАРДЫ?..

7-бет



ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАРҚЫН ДАРЫН ЕДІ...

15-бет


# ҚАЗАҚ ҮНІ
QAZAQ ÚNI

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ АПТАЛЫҚ

www. qazaquni. kz || qazaquni2000@gmail. com || 2000 jylģy 11 tamyzdan shyģa bastady || №17 (939) 26.04.2021 jyl




## ЕЛІН СҮЙГЕН ЕР ЕДІ

Өмірсерік Жұман – елге кең танымал тележурналист. 1980 жылдан бастап, ақтық демі біткенше Қазақ телевизиясында редактор, аға редактор, «Орда» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі, «Шарайна» ақпарат бағдарламасының бас редакторы, Ұлттық телеарнаның «Алтын қор» бірлестігінің жетекшісі қызметтерін абыройлы атқарды.

8-9 бет

# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРІ ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ!

## АЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕР ИЕЛЕНУІ МӘСЕЛЕСІН ҮКІМЕТ КОМИССИЯСЫ ШЕШЕДІ



5 бет

Кім болса да бұл Мәжілістегі таяуда өзгертілген норманы келтіргесін, оның бұрынғы нормасын да келтіру керек еді мәселе елге айқын болуы үшін. Онда бұрынғы нұсқасында «ШЕТЕЛДІКТЕР... АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕР учаскелерін 25 жылға дейінгі мерзімге жалға алу арқылы уақытша иелене алады» – деген норма бар еді, сол алынып тасталды. Яғни, шетелдіктерге жалға да берілмейтін болды. Біз соған, сондай оң өзгеріске дауыс бердік.

Ал «Қазақстан азаматтарына Кодексте белгіленген тәртіппен жеке меншікке беріле алады»-деген тармағы Үкімет комиссиясында қаралуда.



## ЖҰРТТЫҢ ЖЫНЫН КЕЛТІРМЕҢІЗДЕРШІ!..

Субсидия – белгілі бір саланы немесе өндірісті қолдау үшін бөлінетін қаржы. Ол қайдан алынады? Әрине мемлекет қоржынынан. Сонда қалай болғаны, бағаны түсіру немесе тұрақтандыру үшін халық ақша төлеу керек пе? Одан не пайда? Ең бастысы кімге төленеді? Ол да түсінікті, тағы да сол бағаны көтергіш монополистердің қалтасына кетеді. Бұл өзімізді өзіміз алдау ғой.

3 бет

## COVID-19: ЗДРАВООХРАНЕНИЕ РК ДАЕТ СИСТЕМНЫЕ СБОИ

Согласно пункту 18 статьи 77 Кодекса РК «О здоровье народа и системе здравоохранения», любая медицинская процедура, в том числе и вакцинация, в нашей стране проводится только с информированного согласия прививаемого. Административной или уголовной ответственности за отказ от вакцинации в Казахстане не предусмотрено, любые притеснения будут являться незаконными.

14 бет





## ШАПАҒАТЫН ШАШҚАН ШАХМАРАН

*Ұлытаудың төрінде дүние есігін ашқан Шахмаран Сейілов бүгінде алпыстың асуына шығып отыр.*

10 бет

# МҰНАЙЛЫ АЙМАҚТЫҢ АРҚАЛАР ЖҮГІ АУЫР

**Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау облысының әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңесте сөз сөйлеп, өңірді өркендетуге қатысты аймақ басшыларына бірқатар тапсырма берді.**



«Биыл – Егемен ел болғанымызға 30 жыл. Бұл – баршамыз үшін маңызды әрі тарихи белес. Осы кезең ішінде түрлі салада ауқымды шаралар атқарылды. Бұған әр аймақтың қосқан үлесі зор. Соның ішінде, Атырау облысының орны бөлек. Өңірдегі мұнай қоры Тәуелсіз Қазақстанның экономикасын дамытуға мол мүмкіндік берді. Мемлекетіміздің алғашқы ірі инвестициялық жобалары осында жүзеге асырылды», – деді мемлекет басшысы аймақтың ел экономикасына ерен үлес қосып жатқанын атап.

Біз осы үрдістен қалып қоймауымыз керек. Сондықтан, мынадай міндеттерді шешуге баса мән беруді атады. Біріншіден, мұнай-газ өнеркәсібін дамыту. Үкімет өңір әкімдігімен бірлесіп, ірі мұнай-газ жобаларын уақтылы жүзеге асыруды бақылауға алуға тиіс. Болашақта кеңею жобасын уақтылы аяқтап, Қашаған кен орны толық игерілуге тиіс. Сол арқылы бір жылда өндірілетін мұнай көлемін 15 миллион тоннаға арттыру. Екінші, автожолдарды дамыту. Аймақтағы республикалық маңызы бар жолдардың 85 пайызы және облыстық маңызы бар жолдардың 61 пайызының ахуалы орташа. Сапалы жол – қауіпсіздік кепілі. Былтыр өңірде 232 жол-көлік оқиғасы болды. «Орал-Атырау» тас жолының аймақ үшін стратегиялық маңызы зор. Үкімет пен облыс әкімдіктері 2025 жылға дейін жергілікті жерлердегі жолдардың 95 пайызын жөндеп, ретке келтіруге тиіс. Үшінші міндет – жұмыспен қамту. Қазіргі таңда Атырау облысындағы тұрмыс деңгейі еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда жоғары. Орташа жалақы 358 мың теңге, бұл – жалпы республикалық көрсеткіштен 1,6 есе жоғары. Облыс әкімі 31 мың адамды еңбекпен қамтуды жоспарлап отыр. Соны нақты іске асыруы керек. Төртінші, денсаулық сақтау жүйесін нығайту. Бесінші міндет – аймақты толықтай электр қуатымен қамтамасыз ету. Алтыншы, өңірді сапалы сумен қамтамасыз ету. Жетінші тапсырма – аймақтағы экологиялық ахуалды сауықтыру, өйткені Атырау облысы ауасы лас өңірлер қатарынан саналады.

Мемлекет басшысы Үкіметке жиынның қорытындысы бойынша жоспарды толықтыруды, 1 айдың ішінде бекітуді тапсырды. «Басты мақсат – халықтың тұрмыс сапасын және әл-ауқатын арттыру. Бұл жоспар біздің ұдайы бақылауымызда болады» – деді Қ. Тоқаев.

# ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАКЦИНА ҚОЛДАНЫСҚА ШЫҚТЫ

**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Тоғжанов Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты базасында өндірілген QazVac (QazCovid-in) қазақстандық вакцинасының бірінші партиясын жөнелтуге қатысып, Жамбыл облысындағы биофармацевтикалық зауыттың құрылысы барысымен танысты.**

«Қазақстандық вакцинаның жасалуы біздің еліміздің коронавирус инфекциясына қарсы өз вакциналарын әзірлеген әлемнің бес елінің қатарына енуіне мүмкіндік берді. Бұл тек халықтың денсаулығына ғана қатысты мәселе емес, сондай-ақ отандық ғылымның әлеуеті мен биофармацевтикада заманауи технологияларды іс жүзінде қолданудың, мемлекеттің бедeлдің дәлелі», – деп атап өтті Ералы Тоғжанов. Өткен жылдың қазан айында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев отандық вакцинаны жасау бойынша тапсырма берген болатын. QazVac вакцинасының алғашқы 50 мың дозасы «СҚ-Фармацияның» хабтарына таратылып, одан әрі еліміздің барлық өңірлеріндегі денсаулық сақтау басқармаларының қоймаларына жеткізіледі. Мамыр айында 50 мың доза көлеміндегі вакцинаның кезекті партиясын шығару жоспарлануда. Бұдан әрі вакцина өндірісі кезең-кезеңмен айына 500-600 мың дозаға дейін ұлғайтылатын болады. Отандық вакцина Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының тізіліміне енгізілген. Оның толық қауіпсіздігі дәлелденді, вакцина коронавирус инфекцияысна қарсы тұрақты иммунитетті қалыптастырады және тоңазытқыш қондырғыларын талап етпейді, плюс 2-8 градус температурада тасымалданады.

Сондай-ақ, Е.Тоғжанов жұмыс сапары кезінде Биологиялық қауіпсіздік проблемалары ғылыми-зерттеу институты жанындағы биофармацевтикалық зауыттың құрылысы барысымен танысты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес отандық вакцина өндіретін зауыт құрылысы белгіленген мерзімде толықтай аяқталатын болады.

# СЕНАТОРДЫ СУ МӘСЕЛЕСІ АЛАҢДАТАДЫ

**Сенаттың жалпы отырысында депутат Нариман Төреғалиев Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында жүзеге асырылуға тиіс болған «Сырдария және Талап топтық су құбырының құрылысы» жобаларына қатысты проблемаларды көтерді. Осы орайда Үкімет басшысының орынбасары Роман Склярдің атына сауал жолдады.**



Жоба бойынша ауданның 28 елді мекенінде тұрып жатқан 43 мыңға жуық тұрғын ауыз сумен қамтылуы керек еді. Сырдария топтық су құбыры 5,2 млрд. теңге қаржыға салынып, пайдалануға берілді. Ал, Талап топтық су құбырының құрылыс жұмыстарына 5,5 млрд. теңге жұмсалған.

Депутаттың айтуынша, 11 млрд. теңгеге жуық қаражат жұмсалған, 2014 жылдан бастап жүргізілген жобаның түпкілікті нәтижесін халық көрмей отыр. Себебі, Талап су өндіру кешеніне қазылған 8 ұңғымадан құм аралас су шығып жатыр. Сонымен қатар, аталған екі топтық су құбыры сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және оқшау жүйелерінің тізбесіне енгізілмеген. Яғни, халық ауыз суға толық тарифпен төлеуге мәжбүр болады.

«Қазіргі таңда ауыз су халыққа күніне 1-2 сағатқа беріліп, уақытпен шектелген. Осы жобалардың толық іске қосылмауы салдарынан тұрғындар ауыз суды аулада орналасқан шахталық құдықтардан немесе кіші ұңғымалардан алып ішуге мәжбүр», – дейді сенатор. Депутат өз сауалын Премьер-Министрдің орынбасарына жолдай отырып, Талап және Сырдария топтық су құбырларының іске қосылуын жылдамдатып, Тізбеге енгізіп, субсидиялауға қатысты мәселелерін шешуге ықпал жасауын сұрады.

# ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСҚА ИТЕРМЕЛЕЙДІ

**Шымкентте жасырын цехтан 12,9 тонна спирт пен 7 мыңнан астам суррогат ішімдік тәркіленіп жойылды.**

Шымкент қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті қызметкерлері арақ өнімдерін шығаратын жасырын цехты анықтады. Заңсыз кәсіпорыннан 7 мыңнан астам арақ өнімі және 12,9 тонна құрамында спирті бар сұйықтық тәркіленді. Жүргізілген бірнеше сараптаманың қорытындысына сәйкес тәркіленген арақ-шарап – суррогат өнім, ал есепке алу-бақылау маркасы жалған екендігі анықталған. Мемлекетке 4 млн. теңге залал келтірілген, оны күдікті толық өндірді. Сарапшылардың қорытындысына сәйкес тәркіленген сұйық – 96% этил спирті екендігі, мемлекеттік стандарттарға талаптарға сәйкес келетіндігі көрсетілген. 1 литр этил спиртінің орташа бағасы 1 400 теңге болып есептелген, яғни тәркіленген этил спиртінің жалпы бағасы 18 млн теңге. Нәтижесінде, тәркіленген спирт өнімі мемлекет кірісіне алынып, ал суррогат алкогольді өнім жойылды. Біз қылмыстың салдарымен күресудеміз. Оның не себепті пайда болғанымен жұмысымыз жоқ. Кейбір сарапшылардың айтуы бойынша тауар бағасының қымбаттауы қылмысқа итермелейді. Қолдан жасалған өнім арзан болғандықтан сатып алу мүмкіндігі төмен тұтынушылар тарапынан сұраныс пайда болады. Түрлі ұрлық-қарлық та осы себептерге байланысты болып жатады.

# АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛЕДІ

**Ақтөбе аймағында жеңіс күніне орай соғыс ардагерлеріне 2 миллион теңгеден сыйлық беріледі. Облыс бойынша қазір фашистермен соғысқан 20 майдангер ғана екен.**

Өңірлік коммуникациялар қызметі таратқан мәліметке сүйенсек, облыста 6 706 соғыс және еңбек ардагері тұрады. Олардың 20-ы соғыс ардагері, 1714-і Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылары мен мүгедектеріне теңестірілген, 4693-і тыл еңбеккері, 279-ы қайтыс болған жауынгерлердің жесірі. «Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысушылары мен мүгедектерге 2 млн. теңгеден берілсе, соғыс кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда еңбек еткен адамдарға, қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және «Ленинградты қорғағаны үшін» медалімен әрі «Қоршаудағы Ленинград тұрғыны» белгісімен наградталған азаматтар, ауған соғысының ардагерлері, 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға, ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдарға 100 мың теңгеден бөлінеді. Соғыс жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталмаған адамдарға 50 мың теңгеден төленеді», – деп хабарлады өңірлік коммуникациялар қызметі.

# КӨНЕ ҚАРУ ПОЛИЦИЯҒА ТАПСЫРЫЛДЫ

**Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласының 62 жастағы тұрғыны бүгіндер кездесе бермейтін XIX ғасырдың қаруын полицияға әкеліп өткізді.**

ШҚО Полиция департаменті баспасөз қызметінің мәліметінше, сот-баллистикалық сараптама нәтижелері бойынша аталған қару Тула қару-жарақ зауытында шығарылған екен. 1889 жылы жасалған аңшылық мылтық қос ұңғылы, атуға жарамды. Өткізген ер адамның айтуынша, ол сирек кездесетін қаруды марқұм анасының қоймасынан ескі заттарды реттеп жүрген кезде тауып алған. Криминалистер бірнеше ғасыр өткеніне қарамастан, мылтықтың дизайні өзгеріссіз қалғанын айтады. «Халықтан заңсыз сақталған атыс қаруы мен оқ-дәрілерді сатып алу жөніндегі комиссия құрамы қала тұрғынына қару үшін 60 мың теңге төлейтін болды. Айта кетейік, тіркелмеген қару және оқ-дәрілерді ерікті түрде тапсыру акциясының екі күнінде облыс бойынша халықтан 5 млн. теңгеден астам сомаға 79 қару қабылданды», – деді ШҚО ПД бастығы Сағат Мәдиев. Коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында акция санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес өтуде дейді шараны ұйымдастырушылар.

# ҚАРЫЗ ҚАМЫТЫН КИГЕН БАЙЫРҒЫ КӘСІПОРЫН

**Қызылжардағы ауыр машина жасау зауыты жұмысшыларына 2 айға жуық еңбекақы төлемеген. Іргелі кәсіпорынның берешегі 86 млн. теңгеге жеткен.**

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ баспасөз қызметінің мәліметінше, әлеуметтік аударым, медициналық сақтандыру мен зейнетақы жарнасын төлеу және жұмыстан шыққан қызметкерлердің еңбекақысын қосқандағы 86 млн. теңге қарыз – тек қана ақпанның және наурыздың жарты айының берешегі.

«Кәсіпорын ірі тендерді ұтып алып, сол бойынша жұмыс істеуі керек еді. Техникалық жағдайларға байланысты ол қайта-қайта кейінге қалдырылды. 14 сәуір күні тендер ойнатылды. Біз тиісті құжаттарға қол қойып, енді қаражаттың түсуін күтіп отырмыз. Алатын сома – 500 млн. теңгеден асады. Яғни, сәуір айының соңына дейін еңбекақы бойынша қарыз жабылады. Ал сәуір айының еңбекақысын жұмысшылар заң бойынша 10 мамырға дейін алады», – дейді зауыт өкілдері.

**Қазақстанда «АИ-92» маркалы бензинінің бағасы литріне 170 теңгеден аспайды. Бұл туралы «ҚазАқпарат» ХАА» АҚ тілшілерімен кездесу барысында Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Серік Жұманғарин мәлім етті. Қымбатшылықтан қиналған қарапайым халықтың тұрмыстық жағдайын жиі жазатын «Қазақ үні» басылымы бұл тақырыпқа қайта-қайта оралуға мәжбүр.**
**«Жанар-жағармай бағасы өсімінің экономикалық негізін қарасақ, біріншіден, былтыр акциз көтерілді, сосын зауыттың өндіру бағалары жоғарылады. Оны былтыр ешқайсысы өнім құнына енгізбеді. Себебі тұтыну көлемі азайып, өткен жылы жанар-жағармай құны төмендеді. Осы орайда кейінге шегерілген баға тәртібі биыл қосылды. Екіншіден, Атырау мұнай өңдеу зауыты тоқтап қалды. 5 сәуірде жөндеу жұмыстары аяқталуы тиіс еді, бірақ іске қосылмады. Енді осы айдың аяғына дейін (24 сәуірге дейін) тұруы мүмкін. Бұл тұрғыда АИ-92 маркалы бензинін өндіру екі есе азайды», – деді С. Жұманғарин БАҚ өкілдеріне. Сонымен қатар, ол Ресейде АИ-92 маркалы бензиннің құны Қазақстанға қарағанда қымбаттау екенін айта келе, сол себепті бензин бізден кетіп жатқанын да жеткізді.**

# ЖҰРТТЫҢ ЖЫНЫН КЕЛТІРМЕҢІЗДЕРШІ!..

«Тыйым салынса да, бәрібір кетіп жатыр. Біз өз тарапымыздан әр өңір бойынша нарыққа зерттеу жасадық. Осы орайда бағаның өзіндік құнына қатысты талдау жүргіздік, бизнеспен пікір алмастық. Өңірлер бойынша баға айырмашылығы байқалып отыр. Тасымалдаудағы жол шығыны төмендеу өңірлерде баға да арзандау. Біздің ойымызша, осы айда және мамыр айында бағаны 170 теңгеден асырғызбаймыз», - деді агенттік басшысы. Тағы бір себеп, кесте бойынша Шымкент мұнай өңдеу зауыты мамыр айында жөндеу жұмыстарына тұруы тиіс екен. Алайда бұл зауыт жөндеуге тұрып қалса, жағдай қиындамақшы. Бұл өндіріс оңтүстік өңірдегі бағаға әсер етеді. «Дегенмен бензин бағасы 200 теңге (АИ-92) болмайды. Бұл бағытта тиісті жұмыстар атқарылып жатыр, хаттамаларды жанар-жағармай құю станцияларына тапсырдық. Оны орындамаса, онда тексеру амалдары басталады», - деді Серік Жұманғарин. Еске сала кетейік, Үкімет отырысында ҚР Энергетика министрі Нұрлан Ноғаев Атырау мұнай өңдеу зауытын 24 сәуірде іске қосу жоспарланып отырғанын айтқан болатын.

Бензин мен электр қуатының қымбаттауы туралы мерзімді басылымдар жазып, әлеуметтік желіде қызу талқыланды. Депутаттар да қарап қалған жоқ. Мәжілісмендер бензиннің қымбаттауына қатысты тексеру жүргізуді сұрап, вице-премьер Роман Склярдың атына сауал жолдады. Жыл басынан бері АИ-92 маркалы бензинінің құны Алматыда литріне 150 теңгеден 168 теңгеге, елордада – 170 теңгеге, Ақтауда – 172 теңгеге, ал мұнайлы өлке Атырауда 200 теңгеге дейін жеткеніне алаңдаушылық білдірді. Бірақ одан жеңілдік болған жоқ. Сол әдеттегідей айтылды, көтерілген баға сол күйінде қалды. Үкіметтің де, кәсіпкерлердің де айтатыны сол баяғы жұртты жалықтырған, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай жоғарыда С.Жұманғарин келтірген сылтау-себептер. Оны жақында ғана ҚазАқпараттың ҚР Энергетика министрлігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап жариялаған хабарынан да көруге болады. Энергетика министрлігінің депутаттық сауалға берген жауабында мұнай өнімдерінің нарығы өте құбылмалы болып табылады, Қазақстанның ішкі нарығында да, көршілес елдерде де салық салу, баға белгілеу жүйесі және ЖЖМ-мен қамтамасыз етілуі (бақыланбайтын ағын), сұраныстың маусымдылығы, МӨЗ-дегі технологиялық іркілістер немесе күрделі жөндеулер туралы ақпарат сияқты көптеген факторлардың әсеріне байланысты екендігін мәлімдепті. «Бағаларды реттеу және «арзандатылған» мұнай өнімдерін тарату бойынша жүйені құру тиімсіз және шығыны көп шара деп санаймыз:

1) төмен бағаның пайдасын мұқтаж азаматтар ғана емес, шекаралас жатқан көрші елдердің тұрғындары да пайдалануы мүмкін;

2) әр түрлі әдістерді қолдану арқылы мұнай өнімдерін экспортқа «көлеңкелі» түрмен шығаруға жол беріледі;

3) мұнай-газ өндіру саласын тұрақты дамытуға кедергі болатын тәуекелдер туындайды» – деп жарылқапты.



Мұндай себептерді бұқара бұрыннан жақсы біледі, оны өздеріңіз жыл сайын ұмытпармай қайталап келесіздер. Халыққа керегі бағаны қолжетімді ететін, мәселені оңтайлы шешетін шаралар. Бұл бағытта не істеу керектігін білмесеңіздер халықтың да сіздерге айтар ұсынысы мен сұрақтары бар.

1) Өздеріңіз айтқандай, біздің бензинді көрші елдер пайдаланбас үшін ашық-шашық жатқан шекараны жабыңыздар.

2) Өнімдеріміз экспортқа «көлеңкелі» түрмен шығатын құбырлардың аузын бітеңіздер.

3) Мұнай-газ өндіру саласын тұрақты дамытуға кедергі келтіретін жемқорлықты бірінші кезекте жойыңыздар.

4) «Банкрот боламыз» деп көз жасын көлдететін осы кәсіорындардың иесі кім екенін, кіріс-шығысын, өндіретін өнімнің өзіндік құнын, одан түсетін пайдасын, мемлекетке төленетін салық көлемін жіті тексеріңіздер.

5) Өнім аз болса да, көп болса да баға неге түспейді? Нарықтық экономикасы бұрыннан қалыптасқан елдерде сұранысқа байланысты баға өзгеріп тұрады. Бізде ол атымен жоқ.

6) Бензинге төмен бағаны ұстау үшін ішкі жанар-жағармай нарығы субсидияланады дегенді қалай түсінуге болады. Субсидия – белгілі бір саланы немесе өндірісті қолдау үшін бөлінетін қаржы. Ол қайдан алынады? Әрине мемлекет қоржынынан. Сонда қалай болғаны, бағаны түсіру немесе тұрақтандыру үшін халық ақша төлеу керек пе? Одан не пайда? Ең бастысы кімге төленеді? Ол да түсінікті, тағы да сол бағаны көтергіш монополистердің қалтасына кетеді. Бұл өзімізді өзіміз алдау ғой.

Осы сұрақтарды үкімет білмейді деуге болмас, біледі. Соны ескеріп, мәселені шешуге деген нақты ниет жоқ. Оған не кедергі болып отырғанын өздеріңіз жақсы білесіздер. Біздің міндетіміз естеріңізге салу...

Әңгіме Серік Жұманғариннің мәлімдемесінен басталған соң ол туралы қысқа ғана мағлұмат бере кетейік. Бұрынғы одаққа жақсы танымал Мәскеу энергетикалық институтын және Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «қаржы және кредит» мамандығы бойынша бітірген. 2013 жылы Халықаралық бизнес академиясын «менеджмент» мамандығы бойынша тәмамдап, іскери әкімшілдендіру магистры атағын алған. Байқап отырғандарыңыздай, Серік Мақашұлы білікті маман, ол жағынан айтар дауымыз жоқ. Елімізде түрлі салаларда жауапты қызметтер атқарып, ҚР Ұлттық экономика министрінің орынбасары лауазымына дейін көтерілген. Осыдан екі жыл бұрын сұхбат алған журналистерге «Жынымды келтірмеңізші!» деп елдің назарына іліккені есімізде. Одан кейін екі ай өтпей министрдің орынбасарлығы қызметінен кеткен болатын. Бүгіндер Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы қызметін атқарып жүрген Серік Жұманғарин ресейлік депутаттар Никонов, Федоров, Жириновскийге қатысты пікірін айтқанда да «Жынымды келтірмеңізші, блин!» дегені де бар аузына келгенін оттай беретін Жириновскийге қаратып. Әр адамның өзіне тән мінезі, өзіне тән сөз саптау мәнері болатыны белгілі. Шындығында, бұл «Жынымды келтірмеші» деген сөз тіркесі халық арасында, күнделікті тұрмысымызда жиі қолданылады. Оның алып бара жатқан өрескелдігі мен оқыстығы да жоқ, тіпті сол жұрт арасында мәтелге де айналып бара жатқандай. Миллиондап ұрлап, жемқорлыққа салынғандар да жүр ғой ортамызда ештеңе болмағандай, түк те көрмегендей болып. Ең бастысы өзіне тапсырылған міндетін адал және тиянақты атқарса болғаны. Өзіне адал қызмет еткен адамның бір ауыз артық сөзін қазақ көтере біледі.

Ал Жаманғариннның бүгінгі қызметі үлкен жауапкершілікті талап ететіні белгілі. Әсіресе, қазіргідей нарық атты экономикалық қатынастарды ұстанып отырғанда бұл мекеменің атқарар жұмысы өте-мөте маңызды. Себебі, нарықтық экономикада өзара таза бәсекенің орын алуы үлкен рөл атқарады. Біріншіден, кәсіпорындардың өзара бәсекесі бағаның түсуіне тікелей әсер етеді. Екіншіден, өндірілетін тауарлардың сапасын арттырады. Қарапайым тілмен айтқанда кімнің тауары сапалы және қолжетімді болса сол өтімді болады. Үшіншіден, нарықтың басы жауы – монополияға жол бермейді. Бәсекелестер болмаған соң ойына келген бағаны қоятын тойымсыз монополистер білгенін істеп жатқаны белгілі. Сол себепті де көпшілік тұтынатын тауарлардың бағасы аспандап, халықтың сатып алу қабілеті төмендеп кетті. Қымбатшылық кесірінен қарапайым тұрғындардың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы әлсіреп, кедейшілікке ұрынуда. Есесіне «кәсіпкерлер» қалтасын қалыңдатып, халықтың есебінен ерекше байып жатыр. Ал онымен күресетін құқық қорғау және өзге толып жатқан мемлекеттік органдардың жұмысы осы күнге дейін нақты нәтиже берді деп айта алмаймыз. Сондықтан, Серік Жұманғарин бағаны заңсыз көтергендерге, бәсекелестерін заңсыз тәсілдермен тұншықтырып жатқандарға «Жынымды келтірмеші!» деп айтып, қатаң талап қоюға құқылы.

Бұл бір ғана жанар-жағар май саласына ғана қатысты мәселе емес. Еліміздің экономикасының барлық тармақтарында орын алған қатерлі кемшілік. Тұтынушылар есебінен заңсыз ақша жасау – жемқорлықтың бірінші белгісі. Кедейшілік құрсауында қалған қарапайым адамдардың тұрмысын көтеру үшін тойымсыз тәбеттен туындайтын дәп осы жемқорлықты жою керек. Құрамы сан түрлі саланы басқаратын министрліктерден тұратын біздің атқарушы билік «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын ұмытпай, тұрғындар талабын ескере отырып жұмыс істеу қажет. Бұқара бекер ашынбайды, жанына батқан соң жанайқайға басады. Үкіметтен бір өтініш, жұманғариншалап айтқанда – жұрттың жынын келтірмеңіздерші!..

*• Дүбірлі дүние*

## НАВАЛЬНЫЙДЫ ҚОЛДАУШЫЛАР КӨТЕРІЛДІ

Ресейдің бірнеше қаласында Алексей Навальныйды қолдауға бағытталған наразылық шаралары өтті. Бұл шерулер биліктің рұқсатынсыз ұйымдастырылған. Ресейдің Ішкі істер министрлігінің мәліметі бойынша Мәскеудегі ереуілге 6 жарым мыңдай адам қатысқан. Үкімет бұған дейін азаматтарды арандату әрекеттері мен коронавирустың таралу қаупіне байланысты рұқсат етілмеген шараларға қатыспауға шақырған еді. Навальныйды қолдаған шеру Лондондағы Ресей елшілігінің жанында да болды. Шараға 250-ден астам белсенді жиналған. Барлығы «Навальный!» деп ұран салды. Франция астанасы Парижде де жүзге жуық адам көшеге шығып, «Навальный ешқандай қылмыс жасамаған, тек саяси көзқарасы үшін түрмеде отыр» деп есептейді. Ереуілшілердің арасында адам құқықтарын қорғау жөніндегі «Амнести Интернешнл» халықаралық ұйымының Франциядағы басшысы да болған.

## КОРОНАВИРУС ОЛИМПИАДАҒА КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕЙДІ

Токиода енгізілетін төтенше жағдай режимі Олимпиада ойындарының дайындық барысына кедергі келтірмейді. Халықаралық Олимпиада комитеті белгіленген кестеге сай жұмыс істейді. Жоспар бойынша Токио мен тағы бірнеше префектурада сәуірдің 29-ынан бастап мамырдың 9-ына дейін Төтенше жағдаа режимі жарияланбақ. Биліктің бұл шешіміне аймақтағы эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуі себеп болды. Мамандар вирусты жұқтырғандардың саны артып бара жатқанына алаңдаушылық білдіріп отыр. Естеріңізге салайық, өткен жылға жоспарланған Олимпиада ойындары коронавирус пандемиясының кесірінен бір жылға кейінге шегерілген. Енді спорттық дода ағымдағы жылдың 23 шілдесінде басталуы тиіс. «Жапония билігі қабылдап жатқан төтенше жағдай режимі алдағы мереке күндеріне ғана арналады. Оның Олимпиада ойындарына еш қатысы жоқ. Жақын арада Олимпиададағы көрермендердің саны бойынша қосымша ақпарат беретін боламыз» – деп мәлімдеді Халықаралық Олимпиада комитетінің президенті Томас Бах.



## ЖАЛҒАН ВАКЦИНАЛАР ТАБЫЛДЫ

Америкалық Pfizer компаниясы Мексика мен Польшадан өзінің COVID-19-ға қарсы вакцинасының жалған нұсқаларын тапты, деп хабарлады Wall Street Journal. Газеттің хабарлауынша, Мексикада 80-ге жуық адам Pfizer/BioNTech атынан шығарылған жалған вакцинаны салдыртқан. Мексикадан табылған вакцина флакондарында жалған қаптама болған. Ал Польшада табылған жалған вакцина іс жүзінде әжімге қарсы дәрі болып шықты. Дегенмен оны ешкім қабылдап үлгермеген көрінеді. Біреуге жан қайғы, біреуге мал қайғы деген осы. Адамдардың басын қатерге тігіп пайда көргісі келетіндер қазір қай елде болса да көбейіп кетті.

2-3-бетті дайындаған
**Зейнолла ҚАБИОЛЛАҰЛЫ**

# АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНЕ АРНАЙЫ ЖОЛ КАРТАСЫ ӘЗІРЛЕНЕДІ

**Биыл, 2021 жылдың 3 наурызында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Иса «Ақ жол» партиясы фракциясы атынан Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ералы Тоғжановқа «АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІН ҰМЫТ ҚАЛДЫРУ – САЯСИ ӘДІЛЕТСІЗДІК» атты депутаттық сауал жолдаған болатын.**

**Онда «Ел тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен Алаш қайраткерлерінің асқақ рухын қастерлеп, есте қалдыру шаралары (көшелерге, мектептерге, елді мекендерге есімдерін беру, ескерткіштер қою, т.б.) елорда мен өңірлерде тиісті дәрежеде жүзеге асуы қажет. Алайда, еліміздің түкпір-түкпіріндегі Алаш ұстанымын насихаттаған, сол үшін құрбан болған жергілікті Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ерліктері ескерілмей, есімдері әліге дейін белгісіз болып отырғаны өкінішті. Бұлардың бәрі Тәуелсіз Қазақ Елі үшін құрбан болғандар!» – деп атап көрсетілген. Белгіленген мерзімде депутаттық сауалымызға тиісті жауап та келді. Біз төменде Үкімет басшысының орынбасары Е.Тоғжановтың жауабын жариялап отырмыз.**

*Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына, «Ақ жол» фракциясының мүшелеріне 2021 жылғы 3 наурыздағы №ДС-90 сауалға*




Сіздердің Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Қазақ Елі Тәуелсіздігін нығайту мен сол жолда құрбан болған Алаш қайраткерлерін ономастика тұрғысынан қарастыру туралы сауалдарыңызға сәйкес мынаны хабарлаймыз. Мемлекет басшысының «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің ерліктеріне лайықты баға беріп, жоспарлы түрде насихаттау туралы тапсырмасына сәйкес, біртуар тұлғалар есімін ардақтап, мәңгі есте қалдыру бойынша мемлекет тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылуда. Бүгінгі күні Нұр-Сұлтан қаласында «Алаш» қозғалысының 30 шақты тұлғасына көше атаулары берілген. Оның ішінде, Сіздер ұсынған тізімнен келесі азаматтардың есімдері бар – Мағжан Жұмабаев, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Ермеков, Жаһанша Досмұхамедұлы, Мұстафа Шоқай, Халел Досмұхамедұлы, Халел Ғаббасұлы, Уәлитхан Танашұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Жақып Ақбайұлы, Аспандияр Кенжеұлы, Міржақып Дулатұлы, Қошке Кемеңгерұлы, Ғұмар Қараш, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шәймерден Қосшығұлұлы, Сұлтанбек Қожанұлы, Бірімжановтар, Нәзір Төреқұлұлы, Смағұл Садуақасұлы, Хайретдин Болғанбайұлы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Телжан Шонанұлы, Қаныш Сәтбаев, Мұхтар Әуезов. Сонымен қатар, еліміздің азаттығы үшін күрескен Алаш қайраткерлерінің есімдерін мәңгілік есте сақтау мақсатында 2020 жылы Нұр-Сұлтан қаласының білім беру ұйымдарына Ахмет Байтұрсынұлының, Әлихан Бөкейханның, Шәкәрімнің есімдері берілді. Қазіргі уақытта Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында елорданың бірқатар білім беру мекемелеріне Нәзір Төреқұловтың, Мұстафа Шоқайдың, Қошке Кемеңгерұлының, Қаныш Сәтбаевтың, Смағұл Сәдуақасұлының есімдерін беру мәселесі қарастырылуда. Алаш қайраткерлерінің атымен бұдан басқа да 30-дан астам көше, 10-ға жуық мектеп аталады. Сонымен қатар, ҚР Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясы мемлекеттік органдармен қайраткерлердің есімдерін көшелерге, даңғылдарға, мемлекеттік мекемелерге беру үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес жұмыстар жүргізуде. Осыған орай, мемлекеттік мекемелерге жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, «Алаш» қозғалысы қайраткерлерінің есімдерін өскелең ұрпаққа жан-жақты жеткізу мақсатында, олардың есімдерін елді мекендердің құрамдас бөліктеріне, объектілерге беру бойынша тиісті жол картасын әзірлеп, жүйелі түрде қарастыру тапсырылды. Сондай-ақ, ҚР Президентінің Жарлығымен Мемлекеттік хатшының төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Оның құрамына қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен еліміздің ғалымдары, Президент Әкімшілігі мен Үкімет өкілдері, депутаттары, мүдделі мемлекеттік органдардың басшылары кірді. Сонымен қатар, мұрағат көздері мен басқа да материалдарды жинау, зерделеу, мемлекеттік комиссияға қорытындылар дайындау жөніндегі 11 бағыт бойынша жұмыс топтарының құрамдары бекітілді. Сіздердің 700-ден астам тұлғаны құрайтын Алаш қайраткерлерінің тізімі Мемлекеттік комиссия қызметін сүйемелдеу жөніндегі жобалық офиске, сонымен бірге тиісті жұмыс тобына жолданып, қарау нәтижелері ғалымдардың мұрағаттарда жүргізген жұмыс қорытындыларына сәйкес ұсынылатын болады (тарихи анықтама негізінде). Жалпы, барлық зерттеу және іздестіру жұмыстары аяқталғаннан кейін Қазақстанның бостандығы мен тәуелсіздігі жолында қуғын-сүргін құрбандары болған азаматтардың еңбегі мен ерліктерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі арнайы жобаны әзірлеу жоспарлануда. Баяндалғанның негізінде, ұлт мүддесі жолында қызмет еткен Алаш қайраткерлерінің рухын қастерлеп, есте қалдыру шаралары бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы Мәдениет және спорт министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, депутаттық корпусты қосымша хабардар ету тапсырылды.

**Е. ТОҒЖАНОВ**

# «АҚ ЖОЛ» ҚАРАПАЙЫМ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУДІ ТАЛАП ЕТТІ

**«Ақ жол» партиясы әлеуметтік саладағы қарапайым жұмысшылардың жалақысын көтеруді талап етеді. Тиісті депутаттық сауалды фракция депутаты Мақсат Раманқұлов Мәжілістің жалпы отырысында жолдады.**

## ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Е.Л. ТОҒЖАНОВҚА

Мемлекет әлеуметтік салаға жіті назар аударып келеді, бұл әсіресе пандемия кезінде айқын көрініс тапты. Пандемия кезінде «педагог мәртебесі туралы» заң қабылданып, дәрігерлерге қосымша төлемдер енгізілді. Жыл сайын мұғалімдер мен дәрігерлердің жалақысы 20-30%-ға артып келеді, мұның бәрі өте орынды, біз ризашылығымызды білдіреміз және осындай көзқарасты әрдайым қолдаймыз.

«Ақ жол» партиясына осы секторлардың қатардағы қызметкерлері, яғни санитарлар, ассистенттер, еден жуушылар, жедел жәрдем жүргізушілері, мұражай, өнер, мектеп, балабақша, кітапхана, мұрағат саласындағы өзге де қызметкерлер олардың әріптестері үшін мемлекет жыл сайын жалақыны көбейтсе, ал сол салалардағы техникалық қызметкерлердің жалақысы қатарынан көптеген жылдар бойы өзгеріссіз қалады деген шағымдармен жиі жүгінеді. Мәселен, біз бүгінгі күні «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы жиі айтамыз және осы бағытта ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарын ақтау бойынша жұмыстар жалғасуда. Бұл қызметтегі негізгі жүктеме мұрағат, мұражай және кітапхана қызметкерлеріне, тарихшыларға, өнертанушыларға және басқа да мамандарға жүктеледі. Сонымен қатар, осы саладағы орта буын қызметкерлерінің тіпті жоғары білімі бар қызметкерлердің орташа жалақысы шамамен 60 мың теңгені құрайды. Жедел жәрдем жүргізушілерінің жалақысы – шамамен 70-75 мың теңге және 5 жылдан астам уақыт бойы жоғарылаған жоқ, мектептер мен балабақшалардың техникалық қызметкерлерінің жалақысы – шамамен 50 мың теңге.

Мұндағы қызметкерлердің көпшілігі өз жұмысын адал атқарады және ондаған жылдар бойы осылай жұмыс істейтін шынайы энтузиастар. Сонымен қатар, инфляцияның экономикалық сипатын ешкім жойған жоқ, мемлекеттік органдар тауарлар мен азық-түлік бағасының өсуін айтпағанның өзінде, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығындағы монополистердің тарифтерін ұлғайтуға үнемі келіседі. Біздің азаматтарымыздың бұл санаты тіпті ипотека бойынша тұрғын үйге қол жеткізе алмайды және ондаған жылдар бойы жалдамалы пәтерлерде тұрады. Жалақыларына дұрыс киіне алмайды, балаларын асырай алмайды, күнделікті мәселелерді шеше алмайды. Алайда, бұл азаматтар біздің мемлекет ретінде жауап беретін мамандарымыз емес пе?! Осындай жалақыға қалай өмір сүрсін ?

Біз техникалық кадрлардың әлеуметтік саладағы, яғни білім беру, денсаулық сақтау жүйесіндегі, мәдениеттегі мүдделерін қорғау мәселесі мемлекет назарынан тыс қалды деп санаймыз. Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы әлеуметтік саладағы жалақыны көтеру кезінде бір мезгілде техникалық қызметкерлердің еңбекақысын көтеру қажет деп есептейді. Егер дәрігерге скальпель немесе қысқыш беретін ешкім болмаса немесе оттегі аппараты жұмыс істемесе, бірде-бір дәрігер ота жасай алмайды. Егер мектептің от жағушысы жұмысқа шықпаса және мектептің ағаш ұстасы сынған терезені алмастырмаса, мұғалім суық сыныпта сабақ өткізе алмайды.

Егер сахна жұмысшылары аппаратура мен декорацияларды орнатпаса, ешбір еңбек сіңірген әртіс өнер көрсете алмайды. Егер мұрағат қызметкерлері тонна құжаттарды мұқият айналдыра алмаса, қуғын-сүргін құрбандарын ақтау болмайды.

Ұлыбритания Премьер-министрі Уинстон Черчилл-ге соғыс кезінде ел бюджетін көрсетеді. Сонда ол «Мәдениеттің шығындары қайда?» деп сұрайды. Қаржы министрі «Соғыс болып жатыр, мәдениетті ойлауға шама жоқ» депті. Сонда Черчилль: «Ал біз не үшін соғысып жатырмыз, егер мәдениет болмаса?» деген екен. Сондықтан біз әлеуметтік саланың көмекші және техникалық қызметкерлеріне қатысты әділеттілік танытуды, жалақыны көтеру кезінде оларды назардан тыс қалдырмауды сұраймыз.

Неліктен біздің осы саладағы мамандарымыз қиналу керек, олардың да көптеген проблемалары бар емес пе, олар да біздің мемлекетіміздің азаматтары ғой?! Менің білуімше, осы азаматтардың 90 пайызының шағын несиелері бар, қарызға белшесінен батқан, шығармашылық туындыларын шығаруға қаражаты жоқ, Үкімет тарапынан нақты көмек те жоқ. Аталған факторлар әлеуметтік «жарылысқа» ұласуы мүмкін әлеуметтік шиеленісті күшейте түседі. Мемлекеттің ішкі саясаты ұлттың рухани тәрбиесін дамытуға бағытталуға тиіс. Медицина және мәдениет пен білімі жоқ ұлттың – келешегі де жоқ.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, «Ақ жол» ҚДП депутаттық фракциясы айтылған мәселеге назар аударуды қажет деп есептейді және аталған салалардағы қызметкерлерді лайықты табыс деңгейімен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарауыңызды сұрайды.

**Құрметпен,**
**«Ақ жол» фракция депутаттары**

# ТАБИҒИ БАЙЛЫҒЫМЫЗДАН ТҮСЕТІН ПАЙДА ЕЛДЕ ҚАЛУ КЕРЕК

**Мәжіліс депутаты Азат Сембинов «Ақ жол» партиясы атынан табиғи байлықтан түскен пайданы елде қалдыру керектігі туралы депутаттық сауал жолдады.**

### ҚР ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ Р.В. СКЛЯР МЫРЗАҒА

Өткен жылдың 1 қазаны мен 11 қарашасында «Ақ жол» фракциясының депутаттары Үкіметке 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» ҚР Кодексінің 278-бабы 29-тармағының қолданысы тоқтатылатыны туралы сауалдар жолдады. Оған сәйкес ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуы кезінде қазақстандық кәсіпорындар артықшылықтарға ие еді.

Бүгінгі таңда жер қойнауын пайдаланушылар сатып алатын тауарлардағы жергілікті қамту үлесі 10-12%-ды құрайды. Осылайша, қаражаттың шамамен 90%-ы, яғни бірнеше триллион теңге шетелге кетеді. Жұмыс пен қызмет бойынша жағдай біршама жақсы, бірақ оларда да қаражаттың едәуір бөлігі шетелдік мердігерлерге тиесілі. Алайда бұл ақша біздің табиғи байлығымызды сатудан түскен пайда екенін ұмытпауымыз керек. Олар біздің экономикамызда қалып, жергілікті өндірістердің айналымына түсіп, қазақстандық азаматтардың жалақысына төленіп, бюджетке салық түрінде түсуі керек. Өз сауалдарымызда біз норманың қолданылуын тоқтату 58 мың отандық өндірушілер мен мердігерлерге залал келтіретінін атап өттік. 8 сәуірде «Ақ жол» демократиялық партиясына бірқатар салалық бизнес қауымдастықтары өтініш білдірді.

Әрине, Үкімет тиісті шараларды қабылдауға тырысуда, уәкілетті министрліктер шетелдік шикізат өндірушілермен кәсіпкерлікті ынталандыру туралы Ерікті келісім әзірледі, онда жергілікті қамтудың нысаналы орташа көрсеткіштері көзделген: тауарларда – 32%, жұмыстарда – 82%, қызметтерде – 87%. Алайда, бұл тәсіл «аурухананың орташа температурасын» еске түсіреді. Себебі қазақстандық кәсіпорындар инвесторлардың қажеттіліктерін 100%-ға дейін қамтамасыз ете алатын өнім түрлері бар (мысалы, арнайы киім, ілмекті арматура өндіру, цемент жеткізу, асфальтбетон жұмыстарын орындау және т.б.). Ал отандық бизнес қатыспайтын тауарлар, жұмыстар мен қызметтер топтары бойынша «Самұрық-Қазына» қорының оффтейк-келісімшарттар саясатына ұқсас ынталандыру шаралары қажет. Содан кейін бұл индикаторды ағымдағы тәртіпте бақылау қажет.

Осыған байланысты «Ақ жол» фракциясы келесілерді ұсынады:

– шетелдік жер қойнауын пайдаланушылармен кәсіпкерлік Қызметті ынталандыру жөніндегі келісімдерде жергілікті қамту үлесінің талаптарын отандық кәсіпорындардың өндірістік әлеуетін ескере отырып, ТАУАРЛАРДЫҢ ӘРБІР ТҮРІ БОЙЫНША бөлек айқындау;

– мәселені егжей-тегжейлі пысықтау үшін кәсіпкерлердің салалық одақтарын әрбір Келісімді дайындауға тарту;

– «коронакризис» кезеңінде ірі жер қойнауын пайдаланушылармен жасалатын келісімдер жергілікті қамтуды орындау бөлігінде ерікті емес, директивтік сипатта болуға тиіс;

– сондай-ақ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі әзірлеп жатқан «Қоғамдық бақылау туралы» Заңға ірі шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар мен монополистерді қоғамдық бақылау аймағына қосуды сұраймыз.

**Құрметпен, «Ақ жол» фракциясының депутаттары.**



■ ULTTYQ MÚDDE



# АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕРІ ШЕТЕЛДІКТЕРГЕ БЕРІЛМЕЙДІ!

## АЛ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕР ИЕЛЕНУІ МӘСЕЛЕСІН ҮКІМЕТ КОМИССИЯСЫ ШЕШЕДІ

**Ең бастысы Жердің шетелдіктерге сатуға да, жалға да берілмейтіні белгілі болды. Бірақ Жер мәселесіндегі түйткілді сұрақтар түгел шешілген жоқ әлі. Сондықтан да дау басылмай тұр.**
**Біріншіден, 14 сәуірдегі Жер кодексіне өзгерістер енгізу Қазақстан Президентінің заң шығару бастамасы тәртібі бойынша іске асырылды**

Екіншіден, алдымен Президенттің жер заңына байланысты тапсырмасының тақырыбы не екеніне назар аудару керек. Ол - АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ жерлерін ШЕТЕЛДІКТЕРДІҢ жеке меншікке және жалға ИЕЛЕНУІ туралы баптарға өзгерістер енгізу. Сондықтан, сол баптар ғана өзгертілді. Яғни, Мәжілістің жалпы отырысы ҚР Президенті тапсырмасымен 2016 жылғы елді көшеге шығарып, ақыры 5 жылға мораторий жарияланған Жер туралы Кодекстің түйткілді баптарын шешті. Жеріміздің 80% болып табылатын ауылшаруашылығы жері «шетелдіктерге сатуға да, жалға да береді» деген бапты – «шетелдіктерге сатуға да, жалға беруге де болмайды» деп өзгертіп дауыс беріп бекітті.

Мысалы, ел түсінбей, «Мәжіліс бекітіп жіберді» деп, кейбіреулер заң жобасынан кесіп алып көрсетіп, наразылық танытып жатқан Қазақстан азаматтарының жерді жеке меншікке иелене алуы туралы Жер кодексінің 24-бабы 1-тармағының үшінші бөлігіне келейік.

Кім болса да бұл Мәжілістегі таяуда өзгертілген норманы келтіргесін, оның бұрынғы нормасын да келтіру керек еді мәселе елге айқын болуы үшін. Онда бұрынғы нұсқасында «ШЕТЕЛДІКТЕР... АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖЕР учаскелерін 25 жылға дейінгі мерзімге жалға алу арқылы уақытша иелене алады» – деген норма бар еді, сол алынып тасталды. Яғни, шетелдіктерге жалға да берілмейтін болды. Біз соған, сондай оң өзгеріске дауыс бердік.

Ал «Қазақстан азаматтарына Кодексте белгіленген тәртіппен жеке меншікке беріле алады»- деген тармағы Үкімет комиссиясында қаралуда.

2016 жылы жер дауы көтерілген кезде «Ақ жол» партиясы да өзінің нақты ресми ұстанымын білдіріп, жерді шетелдіктерге сатпау ғана емес, оны шетел азаматтары мен компанияларына жалға да бермеу туралы ұсыныс жасаған болатын. Бұл ұстанымды партиямыздың Саяси Бағдарламасына да енгіздік.

Өкінішке орай, біздің бұл ресми ұсынысымыз белгісіз себептермен Үкімет комиссиясының қорытынды хаттамасына енбей қалды. Тіпті көбі біздің пікірімізді түсінбей, осы сайлау алдында өткен теледебаттарда басқа партияның өкілдері сұрақ қойған кезде партия төрағасы Азат Перуашев нақтылап түсіндіруге мәжбүр болды.

Ал биылғы жылдың 20 қаңтарында «Ақ жол» партиясы Үкіметке Жер кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтыруларды енгізіп, елді алаңдатқан жер дауының шешілуіне нүкте қойылу керектігі туралы депутаттық сауал жолдаған болатын. Ал содан соң биылғы Ұлттық кеңестің бесінші отырысында ҚР Президенті Қ.Тоқаевтың ауылшаруашылығы жерін шетелдіктерге беруге тыйым салу туралы тапсырмасы шықты.

Жер мәселесіндегі басқа түйткілді баптар, мысалы, Қазақстан азаматтарына да жердің сатылуы/сатылмауын сол үшін құрылған, 80 адамнан тұратын ҮКІМЕТ КОМИССИЯСЫ шешеді.

Бұл туралы Президент көмекшісі, Президент жанындағы Ұлттық кеңес хатшысы Ерлан Қарин жақсы түсіндіріп берді. «Жер комиссиясы жерді қазақстандықтарға сату, жалға беру және тағы да басқа жер қатынастарына қатысты туындайтын мәселелерді асықпай қарап, жан-жақты пысықтап, сарапшылардың қатысуымен толық саралап, бір шешімге келуі керек» – деп атап көрсетті ол.

Қазір сол жермәселесін шешу үшін комиссияда талқылау, айтыс жүріп жатқанын көріп, оқып отырмыз ғой бәріміз.

Үшіншіден, «Орманды жерлер шетелдіктерге беріледі екен, ондай ұсыныс жасағандар ішінде «Ақ жолдың» депутаттары да бар екен» деген Мұқтар Тайжан кейін «білмей қалдым, түсінбей қалдым» деп, ол постын фейк ретінде алып тастады. Ал оның сол жаңсақ, жалған жазылған постын жалаулатып алып кеткен Жанболат Мамай дегендер халыққа ол айтқанының өтірік екенін білсе де, әлі таратып жүр...

Иә, бірі өтірік білмегенсіп әдейі айтып, бірі шын түсінбей таратып жүрген бұл Орманды жерлер шетелдіктерге берілмейді. Тек анық қай облыста, қай жер екені көрсетілген, мысалы Арал теңізінің түбі, тб «жарамсыз жерлерді шетелдіктерге шектеулі уақытқа жалға беруге болады» деген норма Жер туралы занда 2007 жылдан бері бар екен, оны жаңа Мәжіліс құрамы енгізген жоқ. Ал 2007 жылы парламентте «Ақ жол» партиясының фракциясы болған жоқ, фракция 2012 жылғы сайлаудан кейін қаңтар айында құрылды. Сонда «Ақ жол» парламент құрамында болмаса, қалай заңға ұсыныс жасайды? Мектеп баласы да біле алатын мұндай қарапайым сұрақтарды «саясаткерміз»деп тақыр жерден шаң жүргендердің түсінуге миы жетпесе, айтар артық сөзіміз жоқ.

Мораторий қабылданғанға дейін біріккен кәсіпорындарға жалға беріліп кеткен 74,4 мың гектар, шетелдік азаматтарға жалға берілген 18,5 мың гектар ауыл шаруашылығы жерлерінің мерзімі 2022-2025 жылдары аяқталады да, жер мемлекетке қайтарылады.

Ал мен өз басым Жер туралы Үкімет комиссиясының мүшесі емеспін. Мәжілістің жұмыс тобының да мүшесі емеспін. Жер туралы заң жобасын қараған бас комитет – Аграрлық комитетке де мүше емеспін, Әлеуметтік-мәдени комитеті мүшесімін.

80 адамнан құралған Үкімет комиссиясында бізден бір ғана адам бар. Тіпті, комиссияда барлық парламенттік партиялар төрағасы болса да, «Ақ жол» партиясы төрағасы Азат Перуашев та жоқ...

Негізі менің өзімнің жеке пікірім – ауылшаруашылығы жерлерін қазақстандықтарға да сатуға болмайды, тек жалға беру керек.

Бір ғана формула – Жер иелену құқы мемлекетте болуы тиіс, ал жер пайдалану құқы ғана өз азаматтарымызға белгілі мерзімге жалға берілуі керек.

Ғарышта бір кемшілік болса оған жердегі Қазыбек Иса кінәлі дейтіндерге де, қандай мәселе болса да, бізден үміт күтетін (құдайға сансыз шүкірлік) қалың елге де айтатын жауабым әзірге осы!

**Қазыбек ИСА,**
**ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты**

**Қасиетті Құранды ашатын алғашқы «Фатиха» сүресінің бірінші аятында «ғәләмин» сөзі тұр. Бұл әлемдер деген көпше сөз. Демек, адамзат әлемімен қатарлас бізден жасырылған – ғайып әлемдер бары хақ. Олардың бірсыпырасы ғана мәлім, қалғандары – сыр! Ал, оған сенім келтіру иманның бұлжытпас мүттәқин шарты әрі әрқайсысы әрқилы.**

Ардақты Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз аса қауіпті болған ұлы жеті күнәні біздерге тізбектеп берген. Осылардың ішінде адам тағдырын тәлкекке салатын, өмірінің ойранын шығаратын көзбояушылық-сиқыр бірінші орында. Бұл зұлматпен айналысу мұсылман пенденің қолынан келе қоймас. Тек иманын Әзәзілге сатып, ата дінінен айырылып, тіпті кәпірден төмен деңгейге түскен жүзеге асырушылардың қолынан келеді. Негізінде, бұл адамзатқа сырттан



# СИҚЫРДЫҢ СИҚЫ

жасалынатын қастандық, Харут Маруттың үйреткен жақсылық ниетпен де атқаруға болмайтын Алланың ұлы тыйымы. Мұса (ғ.с.) пайғамбар тұсында өркендеп, кейін құлдилаған. Сол себепті, барлық дінде мұнымен айналысқандарды аямастан жазалаған. Алайда, түп тамырымен қияметке дейін жалғасатын осы жауыздық мұсылман мұсылманға, келіндер қайын жұртқа, достар бір-біріне, әйелі еріне, кәсіпкер серіктестертер арасында жиі кездесетін болды.

Шариғи тілде өз болмысын өзгерту үшін жынға, шайтанға қайырылу сиқыр делінеді. Бүгіннің кей адамдары бұл іске жақсы атау беріп, «Ақ магия» дейді. Бірақ, атын өзгерткенмен, заты мәңгілік бәрібір өзгерметін харами дүние. Тіпті, адамды адамға қосу, бір-біріне жақсы көрсету, қарызын қайтарту үшін жасалынса да. Жалпы, сиқырмен дуалау, жын ұру, көз тию дегендердің шығатын жері бір, яғни имансыздықтың бастауы. Қызғаныш оның түртпегі, қаражат оның ілмегі. Бүгінде осы бір кесапат кесірмен айналысушылардың саны көбейсе, оған жүгінушілердің қатары азаймауда. Құранның бірнеше аяттары мен сүрелері бұл жөнінде хабарлар ақтарады. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымызды да сиқырлаған. Оның (с.ғ.с) хадисінде көп адамның көз тиюден өлетіндігі айтылса, адамды қабірге, хайуанды қазанға түсіретінін де айтқан. Көз тию бар, ол ақиқат. Қазақта «Көз тиеді, көз тимесе сөз тиеді» дейді. Яғни «Көзі бар» адамдардың да, жындардың да сұқтана қарауы. Жобада осы тізбектің дерлік белгілері бір-біріне ұқсас. Олардың қатарында адамның рухани құлазуы, құлықсыздығы, бедеулігі, түсік тастау жиілігі, жұмысының жүрмеуі, себепсізден себепсіз жылауы, бет-жүздің қараюы не сарғаюы, жалғыздықты сүюі, ешбір нәрседен ләззат алмауы, барлық мәселеде тұрақсыздығы, бір аурудың асқынуы, емі табылмауы, сырқаттың ұзауы, жүректің қысылуы, тым қатты есінеуі яки кекіруі айтылған. Осының бәрі адамды толықтай өзгертеді, яғни жүйкесі сыр береді, рухани құлазиды, жалқауланады, ашушаң келеді, өз-өзіне сөйлейді, орынсыз күледі, дірілдеп қалшылдайды, түбінде өз-өзіне қол жұмсауына алып барғыздыруына әбден ықтималды кесел. Әрі мұның ең үлкен белгісі адамның себепсіз үнемі сұлқ құлай беруі.

Түнде бастырылу, қорқыныш пен үрейлі түстер көру, биіктен құлау, ит мысық көру, лас нәрсені (түсінде) жеп ішу, қашу, қылқыну, буыну ұдайы көрініп не түс, не өңі екендігінен белгісіз күйге түседі. Бұл белгілердің басым көпшілігі әркімде әрқалай сипатта болуы мүмкін. Тек, ең жоғарғы дәрежеге жеткенде, түстегі қорқынышы өңіне айналып, елестері нақты күндізгідей көрінетін болады. Дегенмен, ең негізгісі дәстүрлі мединицаға қайырылып, ем-домдық кәсібі дәрігердің көмегі болмағанда яки табылмағанда ғана күмәнға алынып, тиісті шараларға кезек күттірмеу қажет. Жалпы, бұл рухани кеселден емделудің екі жолы көрсетілген. Біріншісі, қасиетті Құранның ұлы дұғаларымен айығу болса, екіншісі дәл сондай сиқыршының үлкенірегіне бару. Тек, екінші жолына шариғат тыйым салады.

Аурулар екіге бөлінеді, дене және рух. Сол рух кеселіне жын әлемінің тікелей әсері бар. Бұл қасіреттен сақтанудың негізгі жолы мыналар: саф таза ақида (сенім) ұстану арқылы жаратқан жалғыз Аллаға иманы мен үміті нық болу, күнә атаулыдан алыс болу, әуретті жердің жабық жүруі, бірде-бір жаратылысқа нақақтан (әдейілеп) жазықсыз зияндық көрсетпеу. Ұдайы ғұсыл-дәретпен таза жүру, құлшылық жасау, сүннет дұға-тілектерге сүйену. Қатты қуану мен қайғыда өз-өзін жоғалтпау, сабыр сақтау және көпшілік жамағатпен бірге болу.

Бүгінде сиқыр мен дұға, көз тию себептерінен кейбір жүздерді қайғы шалған, отбасыларды үрей ұялаған, санадан алжасқан, шаңырағынан өздеріне мүлде тиесілі болмаған заттар мен түйіншіктер табылып жатқан жағдаяттар көп. Тіпті, зират басында, қабір жанында, оның құлыптасында тескілене жыртылған, кескіленген суреттердің, әр нәрселердің табылып жатқандығы көпшіліктің аландаушылығын туғызуда. Бұл – анық сиқыр. Ал, сапырылысқан балгерлер, бақсылар, көріпкелдер, жол ашушылар осы сиқыр, жын әлемінің әскерлері. Ал, олардың қара қойлары мен тауықтары, маңдай мен қабырғаға жаққан қандары сиқырдың элементтері. Зират-моланың топырағы, тұз бен шекер, ине шаншылған қуыршақтар яғни баршасы осы ұлы апатты күнәнің аспаптары. Осы күпір істермен айналысқандардың өздері, тұқымдарымен қоса зардап шегетіндігін баса айта келе, оларға қайырылып, көмек сұраудың өзі опық жегізетін имансыз қарабет қылықтар екендігін тағы да еске салғым келеді. Ал, енді қорыққанға қос көрінгендей, әрбір нәрселерден үрейлене бермеу керек. Ала жіп пен инеден, шырпы мен шүберектен үркімей, жалғыз Жасаған Алламызға тәуекелімізді кемелдендіруге шақырар едім.

**Нұрлан қажы БАЙЖІГІТҰЛЫ**
**дінтанушы, имам**

■ DENSAÝLYQ

# ҚАСИЕТІҢНЕН АЙНАЛДЫМ, ТУҒАН ЖЕРДІҢ ДӘМ-СУЫ!



**Еліміздегі маңызды бастамалардың бірі – отандық өнімді тұтыну. Бұл – Отанға деген құрмет қана емес, мұның үлкен ғылыми мәні бар. Адамзат баласы азық-түліксіз өмір сүре алмайды. Азық-түлік туралы айтсақ, медицина ғалымдарының анықтауынша, адамның ағзасына ең пайдалысы – өзі туып-өскен жерден шыққан өнім екен. Бұл туралы осыдан 550 жыл бұрын қара үзген шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы өзінің «Шипагерлік баян» кітабында, мекендік (өңірлік) азық-түлікті тұтынудың ерекшелігіне айырықша тоқталған. «Шипагерлік баянда» автор ұрпақ денсаулығын сақтау үшін алдымен баланың дүниеге келерден бұрынғы (ана құрсағындағы) кезеңдеріне көңіл бөлу туралы айтады. Сонымен бірге автор адамзаттың топырақтан жаралғанын тілге тиек етіп, «бала туыла салып сол жердің, яғни кіндік қаны тамған өңірдің ауасымен тыныс алады, анасының сүтін емеді. Баланың дене құрамы сол жердің топырақ құрандысымен тең болуы шарт, баланы мекендік топыраққа үйлестіру керек», – дейді.**

Өтейбойдақтың айтып отырғаны, жүктілік кезеңіндегі аналар азықтанғанда және босанған соң нәрестені азықтандырғанда жерлік топырақтан өніп шыққан азықпен азықтандыру тиіс, анасы да жерлік азықтықпен азықтануы керек екенін дәріптейді. Ары қарай «Шипагерлік баянда» ғалым былай дейді: «Баланың дене құрандысы туған жерінің топырақ құрандысымен ұқсас болуы керек. Егер, денесінде бірер зат кем болса, оның емі өзі туып-өскен жердіңтопырақ құрандысынан табылады дей келіп, «сол арада, сол пендемен бірге өскен заттан шипа емі болады» – дейді. Сонымен қатар, «адамның дене құрандысы мен топырақтың құрандысы ұқсас» – деген қорытындыға тоқтайды. Ғалымның бұл тұжырымдамасын қазіргі медицинағылымы былай дәлелдейді: Топырақта 92 элемент (кей деректерде 110 элемент делінеді) бар болып, оның 81-і адам денесінен кезігеді екен. Мысалы, бүйректе – сынап, молибден, кадмий, қарын асты безінде – мырыш, қан плазмасында – кобальт, титан, тіс кіреукесінде – фтор, қанның пішіндес элементтерінде – марганец, мыс, мырыш, кадмий, қанда – темір, қалқанша безде – йод, өкпеде – литий, мишықта – мырыш, ми сұйықтығы мен сопақша мида – мыс, мидың үлкен жарты шарында – кобальт, ішек ұлпаларында – қалайы, көздің пигментті қабатында – барий, қуық безі мен сүйек ұлпаларында – стронций, шашта – алюминий, мышьяк, ванадий бар екен. Ағзада микроэлементтер өте көп болып, олардың басымы сүйек және бұлшық ет ұлпаларында, бауырда болады. Калий мен магний жасуша ішіндегі сұйықтықтарда, натрий мен хлор жасуша аралықта кезігеді екен. Тіпті, сынап, уран, торий, разий, алтын т.б. ультрамикроэлементтер де ағзадан кезігеді. Бірер элемент жетіспесе, немесе артық болса, адам денесінде ауру пайда болады. Мысалы, денеде темір жетіспесе, анемия немесе қан аздық ауруы пайда болады. Ағзада мыс жетіспесе, бауырдың қызметі нашарлайды, шаш тез ағарады. Анығында, мыс қанға оттектің өтуін қамтамасыз етеді. Демек, адам денесі ет пен сүйектен ғана жасақталмайды. Тұла бойымызда тұнып тұрған элементтер бар. Қазақ «ауру астан» деп бекер айтпаса керек. Осы элементтердің барлығы адам денесіне топырақта өнген азықтық арқылы келеді.

Қазір біздің тұтынып отырған азық–түліктеріміздің арасында Латын Америкасы, Африка, Еуропа, Оңтүстік Азия, Араб елдері, Қытай т.б. алыс-жақын шетелдерден келетіндері өте көп. Зерделей қарасақ, аталған елдермен біздің елдің климаттық ерекшелігі мүлде ұқсамайды. Топырақ құрандыларымыз тіптен басқаша. Олардың топырағындағы кейбір бар элемент еліміздің топырағында жоқ, еліміздің топырағында бар кейбірэлемент олардың топырағында жоқ. Бұл туралы «Шипагерлік баянда» былай деп жазылған: «Әрқандай өңірдің топырақ құрандысы, топырағының түсі ұқсас болмайды, топырақ құрандысы бұзылған жер адамдарға жан шошырлық түршікпелі ауру ала келеді», – дейді. Шынымендe топырағы зақымдалған өңірдің тұтас экологиясы бұзылып, тіршіліктің тепе-теңдігі сақталмайды. Қазақстандағы Семей полигоны мен Арал экологиялық аймағы сөзіміздің дәлелі бола алады. Әсіресе, Семей полигоны аймағының топырақ құрандысы радиоактивті ластануға ұшыраған. Ол өңірде микроэлементтер көп сақталған. Ең қорқыныштысы иондалатын радиациялар гендік кодты өзгеріске түсіретіндігі болып отыр. Полигон аймағында болған жер асты, жер үсті ядролық сынақтар нәтижесінде атмосфераға, гидросфераға, литосфераға көп мөлшерде радиоактивті материялдар шығарылған. Ол заттар тұтас экологияны ластап, ауаны, су көздерін бүлдіріп, ол жерге шыққан егіс өнімдері, өсімдік, жеміс-жидектеріне және жан-жануарлар мен адамдардың денесіне кемістік әкелетін жағдайлар туылуда. Егер топырақтағы элементтер азайса, онда тіршілікке айтарлықтай әсерін тигізеді. Мысалы: топырақтың 1 кг құрғақ затында мыс 1 мг аз болса, соның өзі тіршілік иесінің өсуін баяулатып, дене пішінін өзгертеді екен.

Адам денесінің топырақпен тығыз байланысты екенін қарапайым түрде айтсақ, біздің ішпек-жемек, азық-түліктеріміздің барлығы топырақ өсірген өнімдер. Топырақсыз ештеңе өспейді.

Соңғы жылдары шетелденкелген концерогендік химиялық қоспалары көп тағамдар адам ағзасын бүлдіруде. Өйткені, ол тамақтарға аспартам, маргарин көп қосылады екен. Бұл түрдегі тамақтар қан және қан тамыр ауруын тудырады. Елімізде қан және қан тамыры ауырулары ең көп кезігеді екен. Адамның өмірі тікелей қанмен байланысты. Денедегі қан мен қан тамыр таза болып, қан іркіліксіз ағып тұрса, онда деннің саулығы болмақ. Ауырып, шекара асып, шетелдерден ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеу керек. Ол үшін өз ағзамызға үйлесетін отандық табиғи таза өнімді көп тұтынайық!

**Ертай ЖОМАРТ**

**Бүгінде Қазақтың әйгілі ақыны Мұқағали Мақатаев туралы түрлі аңыздар бар. Оның көпшілігі әдетте қаламгердің тіршілікте теперішті көп көргені, айналсындағылардың аса талантты адамды түсінбегені туралы өрбиді. Әрине, ондай әңгімелердің шындықтан қаншалықты артық немесе кем түсіп жататынын кім білсін, алайда кеудесін қашанда жыр буып, асау жүрегі шақшадай басын тауға да тасқа да соқтырған ақынның періште болмағаны түсінікті. Оны Мұқаңның өзі де мойындайды. Мәселен, ол жан жары Лашын апайымызға арнаған бір өлеңінде:**

**Бүгін де, кеше де, өткенде,**
**Іздесең қателік көп менде.**
**Қауғадай басыма барлығы**
**Сірә да соқпай бір өткен бе...**
**Іздесең қателік көп менде,**
**Сен бірақ түңілме, жек көрме!**
**Лайсаң, жауындар, дауылдар**
**Болмай ма күн шуақ көктемде,**
**– деп ағынан ақтарылыпты.**



# МҰҚАҒАЛИДЫ

## ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНАН КІМ ШЫҒАРДЫ?..

Жалпы, қарап отырсақ, Мұқағали да «жоқ қайғыны Құдайдан сұрап алып» жүретін ақындар қауымынан болғандығынан шығар, өзі де айтып отырғанындай, лайсаң, жауынды, дауылды күндерді көп өткерген. Тіпті, ел аман, жұрт тыныште немесе жер қара, күн жылыда-ақ ақын басына талай мәрте бұлт төнген. Мәселен, осы Мұқаңның 1973 жылы наурыздың 20-сы күні Жазушылар одағының бірінші хатшысы Әнуар Әлімжановқа жазған хатынан оның жұмыстан да кетіріліп, дос-жаран ортасынан да берекет таппай, тығырыққа тірелген сәтінен хабардар боламыз. Мән-жай ұғынырықтырақ болу үшін хатқа кезек берейік:

*– Әнуар! Айып етпе, сенің алдыңа барып, барлық жағдайымды айтуға арланып отырғаным жоқ. Сен қабылдамайды, тыңдамайды деген ойдан да аулақпын... Сенің қазіргі жұмысың қаурыт, оны да түсінем. Сондықтан, менің жаңа жылдан бергі жағдайымды өзің білесің бе, жоқ па деп хат жазуыма тура келді. Менің отбасымның қазіргі халі осыған мойынұсындырды мені. Үйіңе барып жолығуды ұят көрдім. Тағы да өтінем, айыпқа бұйырма!*

*Өзіңе белгілі болар, биылғы жыл маған оншама қуаныш әкеле қойған жоқ әзірше. «Жұлдыздан» мені босатқан. Ол кезде сен Оңтүстік Африка республикасына сапармен кеткен едің. Сенің келісімің болды ма, жоқ па, ол жағы маған белгісіз. Өзім де кінәлімін, әрине, дегенмен, дәл жаңа жыл келгенде, балаларымның жеп отырған қорегінен ажырататындай ешкімге еш нәрсе істей қойған жоқ едім ғой...*

*Жасыратыны жоқ, байқаймын, сен маған суық қарайсың. Сен мені, менің болмысымды танитын сияқты едің ғой. Түсінбеймін, қандай ғана өсекшінің тіліне ердің?! Арамдық, адамға деген жауыздықтан бойын аулағырақ ұстайтын бір адам мендей-ақ болар. Осылай деуге ұялмаймын. Егер мен тарапынан көбікезу біреулер саған бірдеңе деп жеткізсе, оның бәрі жалған екендігін түсінуіңді өтінем!*

*Ал әлгі дерт – ішімдік мәселесіне келетін болсақ, енді оның исін сездіріп, ізін де білдірмеуге бел байлағам. Есіңде болсын, бұл менің азаматтық сөзім!*

*Адамның бәрін дос санап, көңілдерін жықпай, көлгірсіп келіппін. Байқасам, менде дос жоқ екен. Дұшпаным бар ма, жоқ па – білмеймін. Мендегі бар айып – жек көретін, құлқым сүймейтін адамға жек көретінімді, құлқым сүймейтіндігін сол адамның алдында оп-оңай білдіріп алатындығым.*

*Әнуар! Бүгіннің қызығынан, рахатынан, байшылық-баршылығынан қаншама безініп, болашақ үшін, қауым үшін, болашақтың әдебиеті үшін өмір сүрейін десем, менің қазіргі болмыс-тұрмысым соншама езіп, жаншып, жуасытып барады. Өзім жарық дүниеге әкелген балаларымнан артық бақыт жоқ маған. Соларды ойлаймын. Қиындап кетті...*

*Өтініш! Егер менен үмітіңді біржола үзбесең – мені өзіңнің қарауыңа жұмысқа ал. Ақындығы да, таланты да, атағы да құрысын, балаларымның жоқшылықта болуын көргім келмейді. Бәрі де ержетіп, естері кіріп қалыпты, ұялып жүрмін солардан... Өзің білесің, қырықтан асып барамын ғой, енді қандай баланың қарауына барып әдеби қызметкер болмақпын. Не де болса, өз қарауыңа ал, батыр! Қиындап кетті. Сенен алғашқы да, ақырғы өтінішім осы. Қалғанын азаматтығыңнан, құрбылығыңнан күттім.*

*Сәлеммен, Мұқағали...*

Бұл ретте Әнуар Әлімжанов қайтті екен, ақынды жұмысқа алды ма екен деген сауал туындауы заңды. Біз де бұл жәйтке қаныға түсу ниетімен Мұқаңның қанаттас әріптестеріне сөз салғанымызда, олардың бәрі де бұл мәселені нақты біле қоймайтындарын алға тартқан еді. Тек Қадыр Мырза Әли ағамыз Мұқағалидың коммунистік партияға мүшелік билетін жоғалтқаны, сол үшін партия қатарынан шығарылғаны, сондай-ақ кейінірек Жазушылар одағы мүшелігінен кетірілгені есінде қалғанын айтады. «Ұмытпасам, бұл туралы бұйрықты іліп те қойды, – деді Қадыр аға. – Дегенмен, мән-жайдың анық-қанығын бір білсе, сол кезде одақта қызмет еткен Қалаубек Тұрсынқұлов біледі. Сол ағаларыңнан сұрағандарың дұрыс» деп жөн сілтеді.

Мұқағали Мақатаев өмірбаянына қарасақ, ол осы 1973 жылы Жазушылар одағының поэзия секциясында әдеби кеңесші болып қызмет еткен. Демек, Әнуар Әлімжанов оны жұмысқа алған болып шығады.

Дегенмен, Мұқаңның 1974 жылы мамырдың 17-сінде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевқа жазған хатынан ақын жағдайының онша түзеле қоймағанын аңдаймыз. Бұл хатта Мұқағали өз ахуалын ұзақ баяндай келіп: *«...Мен тәуекел етіп, жұмыс та, баспана да болмай тұрып үлкен үмітпен төрт бала, анам мен зайыбым және кіші інімді алып астанаға көшіп бардым. Бір бөлмені отыз сомға жалға алып, «Социалистік Қазақстанға» әдеби қызметкер болып орналастым. Әйелім қазақ тілі мен әдебиетінің маманы, бірақ мектептерде орын болмай шықты. Тіршілікте тұрмыстың түйткілдері көп. Үлкен қызым алтыншы класта оқып жүріп апатқа ұшырап, дүние салды. Бір газетте қызмет істеп, демалыс алып ауылға кеттім. Бірінші мамыр мерекесіне тап келіп, онда үш күн кідіріп қалдым. Кешіккенім үшін жұмыстан шығарып жіберді. Енді мен үшін ең қиын күндер туды. «Социалистік Қазақстандай» беделді басылымнан кеткеннен кейін қызметке орналасу оңай емес еді. Алайда үміт үзбей, өзіме, дарыныма, шығармашылығыма сендім... Мұның бәрі 1962-1967 жылдардың арасында болған еді. Сол тұста мен өмірімде түзелмейтін қате жібердім. Әрине, оны мойындау оңай емес. Қасақана ма, жоқ па, білмеймін, өзіңіз төреші болыңыз, дер кезінде уақтылы жарна төлей алмай, коммунистік партия қатарынан шығып қалдым. Билетті Совет аудандық партия комитеті тартып алды. Сырғабекова хатшы болатын. Жол таба алмай тығырыққа тірелдім. Қалай дегенде де, өз кінәңнен тазару үшін шарқ ұрып ойландым, толғандым, іздендім. Өкінішке қарай, қаншама тер төгіп еңбектенсем де, бұдан он жыл бұрын жіберген қателік еш тыным бермейді маған. Кейде туған әдебиетте қараған басымның қамын күйттейтін көлденең көк аттыдай көріндім. Сондықтан, қателігім ешқандай жөнелместей сезініп, үнжырғам түсіп, көлеңкелене бердім, әлдекімдер мені көлеңкеде ұстауға әрекеттенді. Не істеген ләзім? Бәріне де дариға ақын ақын жүрек кінәлі. Әйтсе де, барымды салып еңбектендім. Бәрібір жеңіл емес еді. Қол қаламнан қалт еткенде жағалаған жағымпаз достармен, дәлдүріш ақындармен іше бастадым. Олардың ырқына қалай түскенімді байқамай қалғандаймын. Әлсін-әлсін менің серілік өмірім басталды. Өзім ұяттан өртеніп тұрсам да, құрдастарымның сәл қуаныштарына сілтейтін болдым. Ішкенімді жасырмаймын, бірақ үйіме де, басқалардың күйіне де зиян келтірген жоқпын, ал рухани жағын кайдам...*

*...Ақырында осы жылғы қаңтарда Қазақстан Жазушылар одағының секретариаты мені СССР Жазушылар одағы мүшелігінен шығарып тынды, өзіме де сол керек шығар. Ол үшін ешкімді де кінәламаймын. Кезінде мен Жазушылар одағының аппаратында да, «Жұлдыз» журналында да қызмет еттім. Бірақ бәрібір өзімді әрқашан басы артық сезіндім. Ол әріптестерімнің маған деген салқын қарым-қатынасынан сезіліп тұратын, менің атыма жамалған жаманат ұдайы қаныма сіңгендей...*

*...Егер «Жазушы» баспасы немесе Қазақстан Жазушылар одағы кітабымды 1975 жылғы жоспарға енгізбей, сызып тастаса тағдырым қалай болады? Екі жыл болды, еш жерде жұмыс істемеймін, отбасым үлкен, кейуана анам, төрт балам бар, әйелім жарты жалақымен мектепте ұстаздық етіп жүр. Өзіме-өзім келіп, күнәмді жуып-шайып, өз ақымақтығымнан жоғалғанымды қалпына келтіруге көмектесіңіз. Ажал алдында тұрғандаймын, құтқара көріңіз!»..*

Мұны ақынның жан дауысы деуге негіз бар. Өкінішке қарай, хат Дінмұхамед Ахметұлына жетпеген.

Осыдан арада екі жыл өткенде ақын мәңгіліктің мекеніне аттанып кете барады.

Ұзақ әңгімеге бастайтын қым-қуыт, шым-шытырық жайтты қысқа қайырсақ, Мұқағали Мақатаев Жазушылар одағы қатарынан шығарылмаған! Тек одақ басшылары өзі де айтатынындай, «серілік» өмірге түсіп кеткен ақынды жөнге салып алу ниетімен жалған Қаулы әзірлейді. Мұны сол тұста Жазушылар одағында қызмет еткен Қалаубек Тұрсынқұлов өте жақсы білетінін айтқан еді. Ең өкініштісі, кінәмшіл де өте кінәз мінезді әрі сонша өр ақынның өзі бұл Қаулыны шын деп қабылдап, ортасынан қатты түңіліп кеткендей.

Ақиық ақынның шығармашылық одақ қатарынан шығарылмағанын белгілі жазушы Ғаббас Қабышұлы да растап берді:

– КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының Қазақ бөлімшесіне директорлыққа тағайындалған кезім. 1975 жылдың аяқ шені. Бір күні бөлмемнің есігі шалқасынан ашылып, алып денелі Мұқағали тісі ақсиып кіріп келді.

– Мұқа, хал-ахуалың қалай? – дедім.

Мұқаңмен таныстығымның бастауы 1970 жылда, мен «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрген тұста жатқан және қалайша екенін білмеймін, мен әу дескеннен-ақ «сен» деп кеткенмін-ді.

– Диванына отырмағанына сен ренжіме, қызталақтың жұмсағын да, қаттысын да көріп жүрмін ғой, ауруханадан кеше шықтым, жарайды, оны қойшы, саған келген себебім: сенің анау бұғалтырың бар ғой, сол менің «көкқағазымды» көрсе-ақ жаман шошиды, ей! Соған айтарыңды айтшы! – деді ол.

Бухгалтерияға телефон шалып, бас бухгалтер Фарида Миникееваны шақырдым.

Сол әредікте келіп кірген Факең не үшін шақырылғанын аңғарса керек, қолындағы «көкқағазды» – еңбекке жарамсыздық жөніндегі бюллетеньді маған ұсына жақындап, Мұқағалиға қарап:

– Бұларыңа ақша төлеуге правомыз жоқ десем, мына тентек ұқпайды, – деді.

Факең қайтадан келіп, бір парақты алдыма қойды. Бөлімшенің ресми бланкісінде «Постановление правления» деп орыс тілінде сайрап тұрған қаулының тұжырымы: «Мұқағали Мақатаевтың СССР Жазушылар одағының мүшелігінен шығарылғаны СССР Жазушылар одағы Әдеби қорының мүшелігінен де шығарылғаны болып табылады» айтып айқұлақтанған. Бөлімше директоры Әбдірашит Ахметов қол қойып, мөр басқан.

– Мұқа, сен тып етпей отыр, мен қазір келемін, – дедім де, Әнуар Әлімжановқа барып келетінімді айтып, есікке беттедім.

– Бірінші секретарьға барасың ба? Ол шешер ме екен? – деді Факең, маған ілесе шығып. Үндемедім.

Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов Жазушылар одағының басшысы бөлмесінде екен. Сәлемдестім де, мән-жайды айтып, әлгі қаулыны ұсындым:

– Мұқағалиды одақ мүшелігінен шығарғандарыңыз рас па? Қашан болды? Секретариатта шешіліп пе еді? Көпшілік келіспеп еді ғой? – деп сұрақты шұбырттым. Әнекеңнің қабағы түйіліп, көзі өткірлене қалды. Басын шайқап:

– Әкәу, (Әнекенде осылай «әкәу» дейтін сөзсыралғысы бар-ды, – Ғ.Қ.), бір рет хатшылар мәжілісінде ақылдасқанбыз. Біріміз: «одақтан шығарайық!» деп, біріміз: «мүшелігін бір жылға тоқтатып, шарттық жаза қолданайық!» дескенбіз. Мен ол екі ұсынысқа да келісім берген жоқпын, ұят болады ғой! Ол Мұқағали ғой, әкәу! Айтпақшы, кәсіподақ мүшелігінен шығып қалған Мұқағалидың мәселесін қарап, біздің жігіттер ұятқа қалыпты ғой, өздері осы қызық! – деп иығын құжың еткізеді.

– «Қызық» көбейді, ақыры қайырлы болсын, ал андағы қаулыны заңсыз деп Мәскеуге хат жіберемін де, ол жақтың жауабын тоспай-ақ, бюллетеньдерінің ақшасын төлеп беремін, – дедім. Әнекең қаулыны маған қайырып:

– Дұрыс, дұрыс! – деді. Мен үстелге қаулыны аударып төседім:

– Әнеке, осы айтқандарыңызды мынаның сыртына қазір жазып қоймын, – дедім.

– Сөйт, мен қол қойып берейін, – деді ол.

Бөлмеме оралсам, Мұқаң жоқ! Бухгалтерия бөлмесіне бас сұқсам, әлденені айтып, қыз-келіншектерді мәзмәйрәм етіп сонда отыр!

– Факе, «тентегіңіздің» мүшеліктен шығарылғаны бекер, мына қаулыларыңыз күшін жойды, енді бюллетеньдерінің ақшасын төлеп беріңіз! – дедім.

– Маған бәрібір, – деді Факең «қаулыларыңыз» дегенімді тағы ұнатпай.

– Ал, Мұқа, ақшанды ертең аласың, сен енді ауырғанды қой, уәдеңді бер, әкел қолыңды! – деп әзілдедім.

...Қысқасы, қайталап айтайық, Мұқағали Жазушылар одағы мүшелігінен ешқашан шығарылған емес!

**Құлан САҒАТҰЛЫ,**
*Алматы*

## Нұргүл ҚАЛИЕВА, Білім беру ісінің үздігі:

# ЕЛІН СҮЙГЕН

**Өмірсерік Жұман – 1950 жылы Алматы облысы, Алакөл ауданы Көлбай ауылында туған. Елге кеңінен танымал тележурналист. 1980 жылдан бастап, ақтық демі біткенше Қазақ телевизиясында редактор, аға редактор, «Орда» шығармашылық бірлестігінің жетекшісі, «Шарайна» ақпарат бағдарламасының бас редакторы, Ұлттық телеарнаның «Алтын қор» бірлестігінің жетекшісі қызметтерін абыройлы атқарды.**

**Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың шетелдерге жасаған ресми сапарлары туралы репортаждар мен оның ғибратты ғұмырын баяндайтын «Нұрсұлтан», «Арманшыл жастық шағым – Украина!» «Тарихи белес – алғашқы белес», «Қазақ шаңырағы аясындағы қауышу», «Президенттер көтерген ғимарат пен еккен шынар жайлы хикаят», «Жас дәурен – жайсаң жылдарым!» сияқты деректі-публицистикалық телерадиофильмдердің авторы.**

**Қазақстан Журналистер одағы Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлығының иегері.**

**Жақында Нұргүл жеңгемізбен әңгіме-дүкен құрған едік. Сол сұхбатты назарларыңызға ұсынамыз.**



**– Әңгімеміздің әлқиссасын айдарымыздың дәстүрлі сұрағымен бастағым келіп отыр. Өмірсерік ағамен қалай танысып, қалай қауышқандарыңыз есіңізде ме?**

– Әлбетте, есімде. Ол шақты мен ешқашан ұмытпайтын шығармын. Ол үшін сәл шегініс жасауым қажет. 1967 жыл болатын. Мен ол кезде он жаста едім. Үшінші сыныпта оқимын. Балдәурен балалық шағым. Анам шиеттей жеті-сегіз балаларына түскі астарын беріп, тамақтандырып болған соң, шашымды тастай қылып өріп, арқама екі жасар бауырым Қанатты арқалатып: «Балаға қара, ойнат!» деп маған үлкен жауапкершілік жүктеп, үйден шығарып салатын. Қалай десек те, ойын баласымыз ғой, әбден шаршаған кезде, бауырымды көгалға отырғызып, қолына ойыншықтарын беріп, құрбыларым Рауза, Кама, Рысалды– бәріміз скакалкамен секіріп, доппен «Выбивало», «Классики» ойнаймыз. Кешкі сағат жетіден он бес минут өткенде Қанатты арқалай үйге қарай жүгіретінмін.

**– Неге?**

– Өйткені дәл сол уақытта аудандық радиодан Өмірсерік Жұманов сөйлейтін.

**– Ол қандай бағдарлама еді?**

– Күнде осы уақытта аудан жаңалықтарын айтушы еді. Сонда мені аудан жаңалықтары қызықтырмайтын. Тек өзіме соншалықты қымбат дауысты есту үшін ғана хабарды басынан-аяғына дейін тыңдайтынмын. Өйткені Өмірсерікті сыртынан жақсы танитынмын. Ол – көрші үйде тұратын Рысқали ағаның досы. Сол үйге жиі келетін. Ал мен болсам, інімді арқалап алып, одан көз алмай қарап тұратынмын. Негізі, Өмірсерік бойы ұзын, жіп-жіңішке, қапқара бұйра шаштары иығына түскен әдемі жігіт болатын.Өзі радиодан сөйлейді! Мен секілді аңқау да аңғал қызға ұнау үшін бұдан басқа не керек?!

**– Сіз Өмекеңе сол кезде-ақ ғашық болған сияқтысыз ғой.**



– Дұрыс айтасыз. Менің оған деген бала махаббатым сол кезде оянған секілді.

**– Әрі қарай айтыңыз. Содан кейін не болды?**

– Келесі жылы Өмірсерік те, Рысқали аға да көрінбей кетті. Сөйтсем, олар Алматыға оқуға түсіп кетіпті. Рысқали аға – Қазақ политехникалық институтына, ал Өмірсерік – КАЗПИ-дің филология факультетіне. Содан бәрі ұмытыла бастады.Арада 7-8 жыл өтті.Мен №2Андреев орта мектебін тамамдадым.Сол жылы оқуға түсе алмай қалдым. Сөйтіп, салым суға кетіп жүргенде, өзім өбектеп жүріп өсірген бауырым қайтыс болды.Содан анамның басына түскен ауыртпалықты жеңілдетейін деп, Алматыда істеп жүрген жұмысымды тастап, елге келдім.

Бір күні Рысқали ағаның нағашысы Досымхан ағам: «Нұргүл, сен орысша оқыдың, мектепті үздік бітірдің, аудандық радиоға орысша жазатын редактор әрі диктор керек. Сол қызметке сені шақырып отырмын» дейді. «Аға, мен ондай жауапты қызметті атқара алмаймын ғой?» деп қобалжыдым.«Неге атқара алмайсың? Ең бастысы, ниет болсын, қалғанын өзім үйретемін» деді. Қатты қуандым. Ертесіне құжаттарымды алып, аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Татьяна Ганзяның қабылдауында болдым.Ол: «Біздің ауданда «Армандастар» деген ансамбль бар. Жетекшісі – орыс жігіті. Сіз сол жігіттен сұхбат алып келіңіз.Егер сұхбатыңыз маған ұнаса, жұмысқа алам» деді.Бар ынтамды салып, ансамбль туралы сұрақтарға егжей-тегжейлі жауап алып, Игорьдың қазақ қызына ғашық екенін, оған жуырда үйленетініне дейін жазып, Татьяна Гурьевнаның алдына қойдым. Ол кісі қолжазбамды бастан-аяқ оқып шығып, соңғы жолдарына келгенде ғой деймін, жымиып күлді де: «Бірінші сұхбатыңыз жаман емес, жұмысты алып кетеді деген үміттемін, ертеңнен бастап жұмысқа кірісе беріңіз» деді.Ертеңінде күні бойы хабар дайындап, сағат кешкі жеті он бесте:«Говорит Андреевка! Добрый вечер! Слушайте новости района» деп дауысым сыңғырлап, кіші редактор әрі диктор болып жұмысқа кірісіп кеттім.Мұның бәрін Өмекеңмен қалай танысқаным туралы жадымда жаңғыртып айтып отырғаным ғой.

**– Сонымен, Өмекеңмен қалай таныстыңыз?**

– Мен күндегідей келесі эфирге хабар дайындап отырғанмын. «Саламатсыз ба?» деп кабинетке Өмірсерік кіріп келді. Мен оны бірден таныдым. Жүрегім тулап кетті. Амандық-саулықтан соң, орындықты нұсқадым. Ол жайғасып алған соң: «Мен бұл жерде 67-68 жылдары істегенмін.Тура сіз отырған үстөлде отырғанмын. Ол кезде небары 17 жаста едім. Қазір білім басқармасында инспектор болып істеймін» деп ағынан жарылды. Зырылдатып басып отырған машинкамды бір сәтке тоқтатып: «Мен сізді жақсы білем. Сіз – Өмірсерік Жұмановсыз. Ол кезде мен 10 жаста болатынмын.Сіздің хабарларыңызды үзбей тыңдайтынмын» деп жымидым да, машинкамды әрі қарай баса бердім. Несін жасырайын, сол сәттен бастап жүрегім «Өмірсерік!» деп соқты.Көп ұзамай, үйлендік. Ата-анасы ауылындағы мектеп асханасында дүркіретіп той жасады. Оған бүкіл ауыл, аудандық Білім басқармасының ұжымы – бәрі келді.

**– Қай жылы отау құрдыңыздар?**

– 1977 жылы шаңырақ көтердік. Содан кейін тұңғышымыз Мақсат дүниеге келді.Өмірінің сол кезін Өмен өз жазбасында былай сипаттайды: «Өмірім өзгеріп, жүрегімде үкілеген үміттерімнің оттары қайта маздады.Түсімде Көктөбедегі телемұнараны көретін болып, жас даурен, жайсаң жылдарымның бесігі –Алматымды аңсайтынды шығардым» .

**– Сол Өмекең аңсаған Алматыға қашан қоныс аудардыңыздар?**

– Алматыға 1983 жылы көшіп келдік.Өмен келе сала, Қазақ телевизиясына жұмысқа тұрды. Ал мен балабақшаға тәрбиеші боп орналастым. Алматыда тағы екі ұлымыз – Асхат пен Ербол дүниеге келді.Мен жұмыс істей жүріп, бала тәрбиеледім. Балаларым – бауырымда, сүйген жарым – құшағымда. Өменнің ата-анасына, туған-туыстарына, әріптестері мен дос-жарандарына, қысқасы бәрін құшақ жая қарсы алып, құрметтедім. Айналама үнемі мейір-шапағатымды төгіп жүрдім. Сол кезде мен шын мәнінде бақытты едім.

**– Өмекеңнің туған жері, ата-анасы, өскен ортасы туралы да айта кетіңізші?**

– Өмірсерік Алматы облысы, Алакөл ауданына қарасты Көлбай ауылында туған.Ол өзінің туған жерін өте жақсы көретін. Әсіресе, Әлемді тауы туралы жиі айтатын. Тіпті, оны шығармаларына да арқау етті. Әкесі Кәрібай ілгеріде бригадир болған екен. Кейін пошташылық қызмет атқарған. Әсіресе осы қызметі Өмен мен қазір есімі елге белгілі ғалым, филология ғылымының докторы, профессор Қанипаш Мәдібайға игі ықпалы тиген сияқты. Өйткені, олар газет-журналдарды осы үйден бірінші боп оқып, сауаттарын жетілдіріпті. Мұны Өмен өзінің әңгімелерінде де жазады. Ал Қанапия анасы өте қарапайым адам еді. Өмірсерік десе, жаны қалмайтын. Жалпы, ата-анасы Өмірсерікті «Өмен» деп атайтын. Сосын мен де солай атап кеттім.

**– Ол кісі неше ағайынды еді?**

– Өменнің Күлжиян деген әпкесі болатын. Ол кісі қайтыс болып кетті. Қазір Нұржан, Бижан деген екі қарындасы және Серік деген інісі бар. Екі қарындасы да Оңтүстік өңірге тұрмысқа шыққан. Серік осы Алматыда тұрады. Олардың бәрі –дін-аман. Өсіп-өнген әулет.

**– Ол қандай адам еді?**

– Өмен – өте қарапайым адам еді. Өзін ешқашан өзгелерден биік қойған емес.Әлдебіреулер сияқты көрініп қалуға тырыспайтын. Жұмысына өте тиянақты болатын. Әрбір хабарын көрерменге мәнді де мазмұнды етіп ұсынатын. Әрбір адамға жақсылық жасағысы кеп тұратын. Ешкімді ренжітпейтін. Елін сүйген ер еді.

**– Нақты бір оқиғалар есіңізде ме?**

– Әрине, есімде. Өмірсерік ол кезде Әдеби-драмалық хабарлар Бас редакциясында аға редактор боп істейтін.Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы бойынша хабар түсірмек болып, іссапармен Көкшетау өңіріне аттанатын болды. «Нұргүл, маған қол орамал кестелеп берші, хабарыма пайдаланамын» деді.Тұтқын қалмақ қызының орамалын тұспалдап тұрғанын сезе қойдым.Бір түнде бар шеберлігімді салып кестелеп, шілдерімен көмкеріп, үтіктеп сөмкесіне салып бердім. Театрдан батырлар киетін киімдері мен сауыт-сайман, қалқан, қылыш, садақ сынды ер қаруларын түгендеп алыпты.Қасында екі-үш актерлері тағы бар. Алматы – Көкшетау пойызымен шықты бәрі. Хабардың режиссері – Көкшетаулық талант-



ты ақын Ерік Асқаров.Оқжетпес шыңының биіктігін Сәкен Сейфуллин:

Тілдесіп тау мен аспан сүйіседі,
Сәлем қып бұлттар басын иіседі.
Қиырдан келген қаңғып түрлі бұлттар
Бас қосып тау төсінде түйіседі, – деп керемет суреттейді ғой...«Аллам-ау, Адақ батыр атып түсіретін орамал Оқжетпестің шыңында ілініп тұру керек.Оны көрермен көруі керек. Бұл эпизодтарды Өмен қалай түсіреді екен?» деп ойлаймын.Бір аптадай уақыт ішінде хабарларын түсіріп, Өмірсерік Ерік екеуі үйге келді. Ол кезде біз 1-Алматы теміржол вокзалына жақын тұратынбыз. Сонда Ерік: «Әпкетай, күйеуіңізді басы аман қолыңызға тапсыруға келдім.Енді мен бұнымен Көкшетау тұрмақ, Алматының шетіне де шықпаймын!» деп зарзар етеді.Өмірсерік оның сөзін құлағына да ілген жоқ. Балаларын құшақтап, беттерінен сүйіп, мәре-сәре. «О неге, Ерікжан-ау?» деймін мен. «Мынау Оқжетпеске өрмелеп шығып, құлап өле жаздады. Көл жағасынан шалқалап қарап, тыныс алуды да ұмытып біз тұрдық. Үрейіміз ұшып! Өмірсерік, қолында орамалы бар, шыңнан шыңға өрмелеп жоғарылап барады.Бір өте қауіпті жерге көтерілгенде мен шыдамай, көздерімді тас жұмып:«Қош, Бұйрабас!» деп отыра қалдым. Үстімде батырдың киімі бар.Бір мезетте көзімді ашсам, Бұйрабас қауіпті жерден өтіп кетіпті.Сол сәтте мен сізді ойладым, әпке, бұл олай-бұлай болып кетсе, мен не бетімді айтамын? Енді өзіңіз не болыңыз мына байыңызға! » деп әншейінде қалжыңдап жүретін Ерік, шын ашуланды.Хабар әсерлі шықты. Көрермен жағада садақ тартып тұрған батырды, биіктен қылаулап барып суға түскен орамалды көрді. Жалған ешнәрсе жоқ.Сөйтіп, Өмірсерік «атып түсірген» менің орамалым да Оқжетпестің аялы айдынында жатыр.



# ЕР ЕДІ



**– Өмірдің өзі сынақтан тұрады. Сондай бір ауыртпалық басыңызға түскен кезінде Өмекең жаны қалмай, сізді бүкіл мықты маман дәрігерлерге қаратқан екен...**

– Ол рас. Отыз жеті жасымда қатты ауырдым.Бұл мүшел жас екен ғой. Ол кезде Өмен АҚШ-та жүрген. Жалпы, Өмірсерік сапарға шыққан сайын маған сыйлық, балаларына базарлық алып келетін. Сол жолы Нью-Йорктен қара көйлек, әдемі сөмке әкеліпті.Әлгі көйлекті киіп көруге де дәрменім жоқ. Өмен оны тұсымдағы кілемге іліп қойды. Анда-санда қабағымды әрең көтеріп, көйлегіме қарап қоямын. Жүрегім қуанышқа толып, бір сәтке басымның ауырғанында басылатын сияқты. Кешке көршіміз, Қазақ телевизиясының дикторы Тамара Өтегенова келеді. Қызық әңгімелер айтып, күлдіріп отыратын. Күлсем де басым ауырады.Тамара тұсымда ілулі тұрған көйлекті көріп: «Нұргүл, мына көйлекті маған сатшы, 100 доллар берем» деп жалынады.Мен «өзім киемін» деп көнбей қойдым. Сөйтіп сол көйлекті өзім біраз кидім.

**– «Өзі жаңа киім алғанда әйелін де киіндірсін» деген екен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыз. Сол қағиданы ұстанған екен ғой.**

– Солай боп тұр ғой. Жаңа өзің айтқандай, мен ауырсам, Өменнің жаны байыз таппай кететін. Жақсы дәрігер іздейді. «Ауруын жасырған – өледі» деген сөзді санасына сіңірген болар, әріптестерінің бәріне менің сырқаттанып қалғанымды айтып, мазасы қашатын көрінеді. Бірі болмаса, бірі дұрыс жол сілтейтін шығар деген ойы болар. Мейрам Жанәділ бір врач-иглотерапевтің телефонын беріпті. «Өмен, мені жындыханаға жібермеші» деймін, оның тізесіне сүйеніп, екі көзімнен жас төгіп отырып. «Басы ауырғанның бәрі жындыханаға түспейді, Нұргүл» дейді Өмен, жып-жылы алақанымен маңдайымнан сипап, киіз боп ұйысып қалған шашымды жаймен тарап.

Жаңағы дәрігер Қуанышбай Рахымжанов деген өте білімді де білгір дәрігер екен. Бірер сеансынан кейін-ақ бас ауруынан айыға бастадым.Бір айдай емделдім. Алла дертке шипа берді.Кейін мен әбден жазылғанымда: «Сенен айырылып қалам ба?» деп қатты қорықтым.Маған ол кезде ең қиыны – дүкеннен азық-түлік сатып алу еді. Сен бір сәт ойымнан шықпайсың.Сатушыға не аларымды, мылқау адамша, қолыммен көрсетем. Олар түк түсінбейді, аң-таң. Бір сөз айтсам, еңіреп жылап жіберетін сияқтымын.Өксік қысып, түк ала алмай, дүкеннен шығып кеткен кездерімде болды. Дәріханада оңайлау, рецепті қолдарына ұстата саламын да, бергенін алып, тез шығып кетем» деп еді Өмен. Осының бәрін мен неге айтып отырмын? Өмірсерігімнің маған қандай қамқоршы болғанын, оның жанашырлығын, жүрегінің нәзіктігін, сондай мейірбан жарымнан қапыда көз жазып қалу – мен үшін сондай ауыр екенін, орны толмас қаза екенін елге түсіндіру үшін айтып отырмын.

**– «Өзіңнен жолдасың мықты болсын» деген жақсы сөз бар. Сол айтпақшы, Өмекең кімдермен өте жақын араласушы еді?**

– Өмен өмірінің жартысын жұмыста өткізген адам ғой. Сондықтан біз қызметтес достары – Жүрсін Ерман, Нұртілеу Иманғалиұлы, Бейбіт Құсанбек, Саниязбек Нұғыман, Серік Байхонов, Абдолла-Алтый Сүлейменов, Мейрам Жанәділ, Майра Әбдірахманова, Ұлбосын Айтөлен сынды саңлақ журналистермен қоян-қолтық араластық. Сырымыз бен жырымыз бір, қызық-қуанышымыз ортақ достар едік.

**– Өмірсерік Жұман – Елбасымен бірге талай елдерді аралап, небір тарихи оқиғаларға куә болған журналистердің бірі. Бұл – кез келген тілшінің басына қона бермейтін бақ. Ол туралы сізге айтушы ме еді?**

– Әрине, ол Елбасымен болған әрбір сапарын мақтана әрі марқая отырып айтатын. Оған қалай айтса да жарасатын. Өйткені ол соған лайық еді. 1992 жылғы сәуір айында біздің елге ресми сапармен Түрік Президенті Тұрғыт Озал келді.Аса құрметті қонақты әуежайдан Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі қарсы алады. Сол жолы қос президент келешекте Алматыда салынатын бес жұлдызды «Анкара» қонақүйінің ескерткіш-белгітасын қояды. Орталық мешітке барып, намаз оқиды. Сонан соң, Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауидың кесенесіне барып, оның рухына Құран бағыштайды. Қысқасы, Түрік басшысын Нұр-ағаң үш күн бойы қошеметтеп, қайтарында қимай қоштасады. Арада апта өтпей, Тұрғыт Озал дүниеден озады. Бұл қаза Елбасы мен барша қазақты, әсіресе Өменді қатты тебірентеді. Сөйтіп ол өз қолында бар және редакция журналистері түсірген материалдарды пайдаланып, «Қазақ шаңырағы аясындағы қауышу» атты бейнефильм жасап, эфирден береді. Ол телетуынды Елбасыдан бастап, бүкіл көрерменнің көңілінен шығады. Содан бастап, Өменнің бағы жанды. 1993жылы Елбасының Қытай мен Моңғолияға жасаған ресми сапарлары туралы әріптесі Майра Абдрахманова екеуі қазақ және орыс тілдерінде «Шын еліне сапар», «Улан-Баторда өткен екі күн» атты телерепортаж жасайды. Ол екі туынды да Елбасының көңілінен шығады. Сондықтан да Елбасы оны АҚШ, Англия, Испания, Жапония, Украина сапарларына да ала кетеді. Осы күнге дейін ел есінен шықпай жүрген «Ассалаумағалейкум, айбынды Америка!», «Армысың тұманды Альбион, тәкаппар Мадрид», «Сакура гүлдеген шақ», «Ұлы Кобзарь елінде» атты репортаждары – сол сапардың дәлелі. Сондай-ақ АҚШ президенті Билл Клинтон, Англия Премьер-министрі Джон Мейджер, Испанияның Премьер-министрі Филиппе Гонсалеспен жасаған сұхбаттары – қазақ журналистикасы үшін зор табыс. Мұнан кейін Ел Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев туралы «Нұрсұлтан», «Арманшыл жастық шағым – Украина!», «Юность моя – Украина!» атты бейнефильмдер түсірді. Бұл еңбектері Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Камал Смайыловтің назарына ілініп, оған Сәкен Сейфуллин атындағы сыйлық берілді.

**–Биыл Қазақ радиосына 100 жыл толды. Осы орданың өсіп-өркендеуіне Өмекең де сүбелі үлес қосты. Осы мерейлі мерекеге орай жарық көріп жатқан шежіреге оның да есімі кірген болар?**

– Әрине, кірді. Сосын олар мені арнайы студияға шақырып, сұхбат алды. Негізі, Өмен өмірінің соңғы жылдары Қазақ радиосында қызмет етті. Ол «Елім менің!», «Ардагерлер», «Бақ қараған» атты бағдарламаларды тұрақты түрде жүргізді.Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың өмір өткелдерін суреттейтін «Жас дәурен – жайсаң жылдарым!» атты радиофильм жасады. Бұл туындылар да Қазақ радиосының тарихында қалады деп ойлаймын.

**– «Құдай әйелді қорғағысы келсе, ұл сыйлайды» дейді атам қазақ. Құдайға мың да бір шүкір, Өмекеңнің артында алтынның сынығындай үш ұлы қалды. Олардан неше немере сүйіп отырсыз?**

– Өмен екеуміз Мақсат, Асхат, Ербол сынды үш ұлды мәпелеп өсірдік. Оларға жоғары білім әпердік. Ел қатарлы өсіп, өніп келеді. Бір әттең-айы, Өмен Санжар деген немересін ғана көріп кетті. Оны өте жақсы көруші еді. Одан кейін Айбике, Нұрай, Айсара, Әсет, Дария атты бес немересі дүниеге келді. Менің бір өкінішім, Өмен осы немерелерінің қызығын көре алмай кетті-ау! Ол өте балажан еді.

**– «Жақсы келін құрдасыңдай болар, жақсы ұлың сырласыңдай болар» дейді халық даналығы. Сол айтқандай, келіндеріңізбен бірге тұрасыз ба? Әлде, еншілерін беріп жібердіңіз бе?**

– Үлкен ұлым Мақсат пен Аида келінім бөлек тұрады. Олардың еншілерін бердім. Ал Асхат пен Ербол – менің қолымда, яғни қара шаңырақта. Тіл тиіп, көз өтпесін. Тату-тәтті тұрып жатырмыз. Екі келінді бірдей жұмсап отырмын. Мақсат – «KazTechInnovation» компаниясының радиоэлектроника бөлімінің жетекші инженері. Ал Аида MEGA silkway сауда үйінің менеджері; ортаншы ұлым Асхат–RAMS Qazaqstan құрылыс компаниясында программист, келінім Ұлжан– «Айнаш» сұлулық салонында модельер-стилист; кіші ұлым Ербол – «Алматықалабезендіру» ЖШС мемлекеттік рәміздері бөлімінің жетекшісі, келінім Гүлбану №175 «Жаңа ғасыр» гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі.

**– Өмірсерік ағамыз Астанада қызмет ете жүріп, бірдеңені сезгендей, жұмысынан сұранып, Алматыға келген екен. Сол күні қайтыс болыпты. Бақұлдасып үлгердіңіздер ме?**

– Жоқ, менің негізгі өкінішім де – сол! Оның соңғы аманатын ести алмай қалдым. Өменді сол күні Асхат қарсы алды. Таңғы тоғызда хабарласқанымда: «Үйге келдім. Бірақ мазам болмай тұр. Ештеңе етпейді, не беспокойся» деді сөзінің соңын орысшалап. Түскі сағат бірден он бес минут өткенде тағы да қоңырау соқтым, онда да сап-сау еді.Сол екі ортада, яғни мен үйге жеткенше, 10-15 минут уақыт өтті. Осы уақыт аралығында мәңгі сапарға аттанып кетіпті. Біраз уақытқа дейін «Неге сол кезде «Жедел жәрдем» шақырмадым?» деп өз-өзімді кінәлап келдім. Бірақ адамның емес, Алланың дегені болады! Оған көнбеске шарақ жоқ. Қазір зиратына бала-шағамызбен бірге барып, Құран бағыштап тұрамыз. Сол кезде Өменмен сырласқандай біраз сергіп қаламын. Оның жаны жаннаттан болсын!

**– Әңгімеңізге рақмет!**

Сұхбаттасқан
Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ

**Ұлытаудың төрінде дүние есігін ашқан Шахмаран Сейілов бүгінде алпыстың асуына шығып отыр.**
**Ел аузынан, көне кітаптардан, түрлі қолжазбалардан дастандар мен өлең-жырларды, шешендік сөздерді, айтыстарды, баталарды, мақал-мәтелдерді терген, әдебиет саласында деректік маңызы зор дүниелерді жинаған әкесі Жүрсінбек Сейіловтің тәлімін алған Шахмаран жастайынан қазақ әдебиетінің осынау мол мұраларына қанығып өседі.**
**Өзінің жүрек қалауымен техника саласына бет бұрған ол білім іздеп, шет ел асады. 1983 жылы Ленинград электротехникалық байланыс институтын бітіріп, байланыс саласының білікті маманы атанады. 1986-1989 жылдары Мәскеу электротехникалық байланыс институтында білім алып, аспирант атанады.Үздіксіз ізденістің нәтижесінде техника ғылымдарының кандидаттығына қол жеткізіп, ғылым саласында белестерді бағындыра бастайды.**



# Шапағатын шашқан Шахмаран

*(Академик Шахмаран Сейілов туралы үзік сыр)*

1990-1995 жылдар аралығында «Алматытелеком» Қалалық телекоммуникация кәсіпорнында техникалық директоры сынды жауапты қызметті атқарып, ел егемендігіне қол жеткізген жылдары байланыс саласының дамуына өзінің зор үлесін қосты.

1996 жылы ҚР Премьер-министрі орынбасарының кеңесшісі қызметін атқарып, мемлекетіміздің алға жылжуына атсалысады.

Уақыттың талабына сай, 2000-2001 жылдары «Казтелерадио» АҚ басқармасының төрағасы ретінде жасаған қыруар маркетингтік сараптамалары мен техникалық есептерінің арқасында, заңдар мен керек құжаттарға көптеген өзгерістер енгізіп, сала жұмысының жоғары деңгейге көтерілуіне ықпал етеді. Осы тұстағы жасаған ғылыми жаңалықтарының негізінде докторлық диссертация қорғайды.

Шахмаран Жүрсінбекұлы түрлі қызметтерді атқара жүріп, мол тәжірибе жинақтай отырып, 2002 жылы «Қазақтелеком» АҚ-ның Президенті болып тағайындалады.

2007 жылы Қазақ Инфокоммуникация академиясын құрып, осы академияны басқарып, Қазақстандағы телекоммуникация қызметтері нарығының өркендеуіне атсалысып келеді.

Жауапкершілігі зор академияның жүгін арқалаумен қатар, Елордамыздағы Еуразия Ұлттық Университетінің радиотехника, электроника және телекоммуникация кафедрасының жұмысын төрт жылда жақсы деңгейге көтеріп, қазір Информациялық технология факультетінің деканы қызметін атқарып, ғылым жолында да абырой биігінен көрініп келеді.

Шахмаран Жүрсінбекұлы өзінің іскерлігінің арқасында шетелдік фирмалармен тығыз қарымқатынас орнатып, заман талабына сай ең бір қажетті ақпараттық технология кәсіпкерлерін дайындап, еліміздің қарқынды дамуы барысында ерен еңбек етуде.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Байланыс Академиясының академигі Шахмаран Сейілов іскер басшы ретінде ілкімді істер атқара жүріп, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасының жүзеге асуына зор үлес қосып келеді.

Сонымен қатар, Шахмаран Жүрсінбекұлы телекоммуникация бағытында жарық көретін жалғыз журналдың тізгінін қолға алып, Бас редакторы атанып, телекоммуникация саласының өркендеуіне өз септігін тигізуде.

Ғалымның қаламынан туған 70-тен аса ғылыми мақалалар мен монографиялары ұлағатты ұстаздың осы саладағы адал еңбегі мен маңдай терінің нәтижесі екені сөзсіз.

Шахмаран Сейіловтың күні бүгінге дейін атқарған еселі еңбегі еленіп, ҚР-ның «Құрметті байланысшысы» атағының иегері, «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері атанып, ел алғысына бөленуде.

Ғылымда өзінің сара жолымен жүріп, биіктен көріне білген атпал азамат Шахмаран Жүрсінбекұлы отбасында ардақты жар, қамқор әке, әрі әулетінің саялы бәйтерегі. Ол ұстаз, ғалым, басшы ғана емес, ең бастысы жақынға да, жатқа да шапағатын шашып жүретін аяулы азамат.

Бүгінде алпыстың асқар биігіне шыққан ел ағасын мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, зор саулық, ұзақ ғұмыр, отбасына амандық тілейміз! Айналаңа шуағыңды шашып, толағай табыстарға кенеліп, егемен елдің жарқын болашағы үшін атқарған істерің дәйім жемісін бере берсін демекпіз!

Азаматсың шапағат нұрын шашқан,
Ғалымсың ғұламалар ізін басқан,
Академик, профессор, декан да өзің
Сегіз қырлы серісің абыройы асқан.

Қиын кезде ҚазТелерадио басқарып,
Қазтелекомда ауқымды істер атқарып,
Академия құрып, шәкірт тәрбиелеп,
Еңбегіңмен өрлей түстің бақ дарып.

Шет елмен де байланысып, бірігіп
Кәсіпкерлер дайындадың тіл ұғып.
Шапағатты Шахмаранның істері
Көрініп тұр дәрежесі білініп.

Барлық істе, байыпты өзі қырағы,
Қызметте айқын ашық тұрағы.
«Білімді мыңды жығады» деген...
Білімге баулу – әр кез оның ұраны.

Оқу ордамыздың бір шырағысың,
Шахмаран зор білімнің бұлағысың,
Шәкірттерің шыңнан әр кез көрініп
Сарқылмасын бойдағы бұла күшің.

Құтты болсын, бір белес алпысыңыз,
Алпысыңыз айтулы – тал түсіңіз!
Алда талай асудан аса бергін
Сәтті болғай, қолға алған әр ісіңіз!

Құт әкелсін мерейлі туған күніңіз,
Тек биіктен шықсын Шәке үніңіз,
Айналаңа шашып әр кез шуақты
Арамызда аман-есен жүріңіз!

**Мейірхан ӘБІШЕВ,**
**профессор**
*Нұр-Сұлтан қаласы*

■ BILIM

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында қазіргі электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушы рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларында кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап айтқан еді. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын бастап кетті.**

# КІТАП – БІЛІМ БҰЛАҒЫ

«Оқуға құштар мектеп» жобасы оқушылардың кітапқұмарлығын арттыруға бағытталған. Жас ұрпақ бойына жоғары азаматтық және рухани адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру арқылы, бәсекелестік қабілетті күшейтіп, оқушылардың мәдени және оқу құзіреттілігін дамыту. Мектеп жасынан оқуға ынтасы ашылған бала терең ойлы, жан-жақты тұлға болып қалыптасады. Бала уақытының бірнеше минутын күн сайын кітап оқуға бөліп жүрсе, кейін кітаптағы қазынаны өзі де түсінеді. Кітап оқу дағдысын қалыптастыру арқылы Абай атамыз айтқан терең ойлы азаматтарды тәрбиелейміз. Оқушылардың әртүрлі жанрдағы әдебиетті оқу арқылы кітап толғандыруы тиіс. Ұлттың рухани сауаттылығы тікелей кітап оқуға байланысты. Баланы кітап оқуға үйрету үшін ең алдымен ата-аналармен кеңесе отырып, баласының оқуға қызығушылығы қандай деңгейде екенін анықтап, бірлесе отырып үйретуіміз керек. Осы орайда, Алатау ауданы №201 мектеп-гимназия кітапханасында «Оқуға құштар мектеп, оқуға құштар ұлт» жобасы аясында «Кітап – білім бұлағы» айдарымен оффлайн кездесу болып өтті. Кездесуге белгілі қаламгер, аудармашы «Ақжелкен» журналының бас редакторы Есей Жеңісұлы келді. Сонымен қатар кездесуге мектеп-гимназия директорының оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Азамат Байтасов, Жұлдыз Иманәлиев, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қымбат Майланова, музыка пәнінің мұғалімі Әсет Ақдәулет және кітапхананың тұрақты оқырмандары мектептің 6-7 сынып оқушылары қатысты.

Кездесу барысында сөз алған Есей Жеңісұлы кітап оқудың маңыздылығын, кітапты көп оқыса, оқырманға берер білімнің өте жоғары деңгейде ой-өрісі дамитынын әңгімелеп берді. Әңгіме ішінде өзі қандай кітап оқығанын, мектеп жасында кітап оқуды ата –анасымен қалай бірлесіп таңдап алатынын, бүгінгі күнде кітап оқу арқылы қандай жетістіктерге жеткенін, және болашақта қандай ой-армандары барын айтып, кездесуді жандандыра түсті. Оқушылар қаламгер ағаларын мұқият тыңдай келе өз ойларындағы сұрақтарына мазмұнды да тұщымды жауап алып отырды. Әсіресе, 7 «ә» сынып оқушысы Абишева Нұрай мен 6 «ә» сынып оқушылары Салимжан

Габит және Нұржан Айбар өздерін журналист мамандығы қатты қызықтыратынын айта келе, бұл мамандық таңдауда қандай пәндерге басымдық берілетіндігін сұрап, өз ойларымен бөлісіп, пікір алмасып отырды. Қаламгер Есей Жеңісұлы кітап оқыған адамның болашағы жарқын болатынын айтып, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіріп, жас оқырмандарды қазақ классиктерінен бастап орыс, тіпті шетел әдебиеттерін оқуға шақырды. Әңгіме барысында сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Азамат Байтасов пен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қымбат Майланова да оқушыларға



кітап оқудың адам өміріндегі маңызын, кітап оқыған адамның көп білетінін, білімнің кітап арқылы берілетінін айтып, оқырмандардың кітап оқуға қызығушылығын арттыра түсті. Кездесудің соңын 5 «а» сынып оқушысы Ильфа Мұса «Ұлы дала» әнімен аяқтады.

«Тек кітап қана алға жылжуды, адамдық шыңына шығуды үйретеді...» деп Елбасымыз Н.Назарбаев айтқандай, болашақ ұрпақты мектеп жасынан кітап оқуға үйрету, кітапқа қызықтыру, кітап оқуға дағдыландыру біздің басты мақсатымыз. Көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттырып, оқушыларды кітап оқуға ынталандыруымыз керек. Ол үшін жорғарғы деңгейде байқаулар, сайыстар, кештер ұйымдасырған ұтымды. Кітапханада жасалған кітап көрмелері арқылы да оқырмандар әр тақырып бойынша мағлұматтар мен деректер алса, даталы мерекелі күндерге байланысты көрмелерден өздеріне керекті мәліметтер жинақтап, ақпараттармен таныса алады. Білсем, ізденсем деген адамға кітапхана есігі әрқашан ашық. Рухани байлық кітап оқу арқылы молаяды. Білімді ұрпақ – ел болашағы.Сондықтан біз жас ұрпақты кітап оқуға баулуды түрлі шаралар арқылы іске асыруды мақсат етеміз.

**Тұрсын ИСАБЕКОВА,**
**№ 201 мектеп-гимназия кітапханасының меңгерушісі**
*Алматы қаласы*

# ЕЛІҢНІҢ ЕРІ БОЛ, АРДА-ШЕР!

*(атаның немереге өсиеті)*

*(Басы өткен сандарда)*

Бектен – Алшын, одан – Бай, Дой, Жете, Әлім. Бұл – бүгінгі Кіші жүз тармағы. Болдан – Қып, Шақ, Қоң, Рат. Қыптан – Осқы, Тор, Мал; Шақтан – Ер, Ұр, Жие, Төк. Балдан – Уақ, Керей, Нау, Ман. Уақтан – Ніp,. Ере; Керейден – Ес, Жұн, Бұр. Наудан – Анды, Сан, Ба, Ек. Маннан – Мір. Соңғы бес ата бірігіп бүгінгі Найманды құраған. Бал мен Болдың ұрпағы Жан ұрпағымен бірігіп, алты ата Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ болып, Орта жүзді құрап отыр.

Біз Сүтемген атамыздың Оразалы атты баласынан тараймыз. Одан бергі өз аталарымыздың барлығы да – Тұралы, Қорлай, Жамбыл, Ақжігіт - елін жаудан қорғаған батырлар болып өмірден өтіпті. Олардың ішінен бай-бағлан шығыпты дегенді мен естімедім. Сол аталарымыздың жорықта тастамай алып жүрген, қып-қызыл таза мыстан, ішіндегі суы төгілмейтін етіп жасалған жеңіл дәрет құманы бізге дейін жетіп еді, 1981 жылы Шымкентке көшкен кезімізде ауылдағылардың бірі байқатпай алып қалыпты... Мәпелеп ұстап отырса, тым болмаса әжетіне жаратып отырса мейлі ғой, әр жерде жатып, түкке жарамай жоғалып кетті ме қорқамын. Міне, қандай керемет жәдігерден айрылып қалдық, балам. Қайтарып берер адам болса, шексіз алғыс айтар едім, Алматыдағы Орталық Мемлекеттік мұражайға апарып тапсырар едім...

Арда-Шер, «аталарымыз бай болмапты» деп намыстанба. Керісінше, Төле би: «Елге бай құт емес, елге би – құт» десе, Әйтеке би: «Елді бай басқармауы керек, елді би де басқармауы керек, елді тек батыр басқаруы керек!» деген. Неге олай дейді? Себебі, батыр адам қандай қиыншылық болса да істің дұрысын көздейді, соны жүзеге асырады. Оның ісі адал, ақ болған соң Алла-Тағала өзі ондай адамға көмекке келеді. Кәзір екінің бірі «бабаларымыз бай болған, болыс болған, ғұлама молда болған» деп отырады. Менінше, батырдың ұрпағы болғаннан артығы жоқ. Себебі, ол ары таза, жаны таза, қолы таза адам деген сөз. Тек таза адамнан ғана батыр шығады. Кеше де, бүгін де, ертең де! Біз бүгін байларымыздың аздығынан әлемнің алдына шыға алмай отырған жоқпыз, немесе бибағландарымыздың кемшілігінен қор болып жүрген жоқпыз. Біз білікте болмыс-бітімі о баста батыр болып жаратылған жандардың аздығынан оңбай жүрміз.

Мен 2000 жылы ата-бабамыз мекен еткен Ақ Жайық бойын түсімде көрдім. Үш-төрт ай өткенде ойламаған жерде әлгі түсімде көрген жерге өнімде бардым... Мың бұралып ағып жатқан қасиетті Ақ Жайықтың суын іштім. Ақ Жайықты көріп тұрып «Қыз-Жібек» фильмін жасыл желек қайың-талға бөленіп тұрған осы өзеннің жағасында емес, неге Іленің жағасында, соның қып-қызыл тас, жалаңаш, құмды айналасында түсіргенін түсіне алмадым...

### 4.АТА-ӘЖЕНІҢ БАЛАҒА ТӘРБИЕСІ

***«Тәрбиесіз балаға білім беру – қарақшыға қанжар ұстатқанмен бірдей».***
*Әл-Фараби*

***«Бала қымбат, оның тәрбиесі одан да қымбат».***
*Түрік мақалы*

Ақжігіт атаңның өзі 1930 жылы Созақтың қасындағы Ынтымақ деген ауылда ұста екен. Жақсы ат, түзу мылтық ұстайтын, байлар кимеген жібек шапан, құндыз бөрік киіп жүретін аңшы адам болыпты. Созақ көтерілісі басталғанда атамызды атақты Салықбай мерген елден жинаған 18 мергенінің бірі етіп, қасына шақырып алыпты. Атамыз сол кездері әйелі қайтыс болып, бес жасар менің әкем Әбдіуәли екеуі ғана тұрады екен. Баласын: «Аман келсем – алармын, оралмасам – сендерге аманат!» деп көршілеріне тастапты да жүре беріпті. Қаратаудағы Суындық пен Торланның асуында жатқан, шетінен құралайды көзге атқан мергендер құс мылтықпен-ақ мұздай болып винтовкамен қаруланған қызыл әскерлерді қашан оқ-дәрісі таусылғанша өткізбепті. Таусылғаннан кейін қызыл әскерлер оларды айдап келіп, басқа да қолға түскен сарбаздармен бірге қаз-қатар тізіп қойып, пулеметпен атыпты. «Жеңіл жараланды-ау» деген күдік болғандарын командирлер қылышпен қидалап, пистолетпен атып, солдаттар мылтықтың найзасымен түйрелеп өлтіріп отырыпты. Атамыздың оқ бетін жанай тиген екен. Өлгендермен бірге құлап жатқан оны бір офицер желкесінен қылышпен шауыпты. Құдай қағайын десе қиын емес қой, қылыш мойнын емес, иық етін кесіп кетіпті. Содан түнде қашып шығып, Ынтымаққа келіп, бес жасар баласы екеуі бір жуас тайлақты ұстап алып мінгесіп, ақпандағы сақылдаған сары аязда Қаратаудың бойын жағалай, күндіз жатып, түнде жүріп отырып, Тәжікстаннан бір-ақ шығыпты. Атамыз әкеме бір рет: «Ең қиналғаным сол жер болды – жата берейін десем үсті-үстіне әкеліп атқан мәйіттердің салмағы тұншықтырып барады, шығайын десем қызыл әскерлер көріп қояды» деген екен.

Тәжікстанда атамызды жалғыз жиені – Молдақұл атамыз (адамзаттың пысығы еді, марқұм) күйеуі қайтыс болған Дәмегөй деген жеңгесімен таныстырып, сол кісімен бас қосқан. Бес-алты перзент көрсе де, бәрі өзінен бұрын кеткен. Ақжігіт атамыздың сүйегі тәжік жерінде қалды. Ең соңғысын – Кенжегүлді апам 48 жасында туған екен.. Мен дүниеге келгенде көкірегінен сүт атқылаған – не деген мейірімділік десеңші! – апам мені мектепке барғанша емізді ғой. «Атаң ұсталық жасайды, етік, мәсі тігеді, мен тігіншілік жасаймын, тәжіктер мәрт халық, еңбегіміз үшін ішіп-жемді аямай төгіп тастайды, бір ауыл жанды дерлік екеуіміз асыраған кез болды ғой» деуші еді қайран апам-анашым...

Ақжігіт атам мен Дәмегөйдей асыл апамның тәрбиесін көрген әкем (мен ол кісіні кемпірдің баласы болған соң «аға» деп атайтынмын), сенің үлкен атаң Әбдіуәли сөзге шешен, ойға көсем, іске пысық, мінезге бай, оқымағанмен тоқығаны аса мол адам еді. Ғұлама молдалардан естігенін қағып алатын құймақұлақ ол ауылдағы кейбір дүмше молдалардың аузын аштырмайтын. «Қолыңнан келсе кісіге есептеспей жақсылық жаса» дейтін маған. Өзі сол ұстанымын қатты ұстанатын. Ауылдағы – біз әкемнің нағашыларының арасында бір үй болдық қой – кемпір-шалдың кебісін, басқа да қажет зат көрсе сатып ала салатын. Онысына ақша да алмайтын. Бір ретте: «Ол кісілердің өздерінің де сіз секілді балалары бар ғой» дегенімде (кеңес заманында көп дүние қат болатын): «кебіс дүкенге түсе бермейді, кездесіп қалған соң ала салдым» деген еді. Жалпы, әкем діні өте қатты адам болатын. 70-жылдардың ортасында ораза шілдеге келді. Сонда әкемнің ескі Газ-51 деген қызметтік жүк машинасы бар, сол машинамен аптасына кем дегенде екі рет Ташкенттің түбіндегі, 70 км жердегі Көктеректегі мақта зауытқа барып келеді. Күн ыстық, машинаның іші одан да ыстық, соған қалай шыдағанына әлі таңым бар...

Әкемнің бірінші өсиеті: «Өтірік айтпа!» болатын. «Өтірікті бір рет айтқан адам қатып абырой жинауы қиын» дейтін. «Бір сөзі өтіріктің бар сөзі өтірік» деген емес пе А.Йүгінеки де? Екінші өсиеті: «Кең бол, кең болсаң – кем болмайсың» деп отыратын.

«Қазақтың Қадыры» атанған ақын Қадыр Мырза-Әли атаңның:

Әкем ақыл-жарлығын,
Айтатын астар кигізіп.
«Адам бол!» дейтін барлығын,
Бір ауыз сөзге сыйғызып, -

дейтін өлең жолдары бар. Біздің әкей де айтар сөз-ақылының шетін шығаратын, арғы жағын мен өзім ұғына беретінмін. Мысалы, мен Мәскеуде оқып жүріп, каникулға бір келгенімде, үйде жиылған қонақтарға қарап отырып: «Мен бүгін Дмитровкадағы Әлекенді (Әлімхан деген қайнағасы) жолықтырып келдім, ол кісі маған: «Әбдіуәли, сен енді қартайғанда орысша үйренетін болдың, орысша үйренетін болдың» деді. «Мен орысшаны қалай үйренеді екенмін» деп едім, «Өмірзақ ертең бір Марусяны әкеледі, Марусяны әкеледі» деді...

Мына жақта отырған мен: «Е, «ғашықпын-машықпын» деп ешқандай орыс қызына есің кетіп жүрмесін» деген ишара ғой бұл» деп ойыма түйіп қойдым. Институтты бітіріп келген соң Гүлзейнет апаңды бір көрдім де «үйленемін осы қызға» дедім. Үйлендім ғой...

Жалпы, әкем: «Бір отбасының адамдары бірін-бірі айтқызбай түсіну керек. Айтқызбай түсінуге мыйы жетпесе бір айтқаннан түсінуі керек. Бір айтқаннан түсінбеген адам мың айтқанда да түсінбейді» дейтін.

Мен туылғанда атамның қайтыс болғанына 9 жыл болған екен. Апамның баурында өстім. Ол кісі «апам баласының кіндігін кесеміз» деп дәметіп отырған әйелдердің ешқайсысына тоқтамай, «ауылдың биі» атанған, апамның немере інісі Елубай жәкемнің әйелі Қантсарыға кестіріпті. Кіндік шешем кеудесі шалқайып, екі қолын жүргенде сермеп жүретін, сөйлегенде де сермеп сөйлейтін, сөзді түйдек-түйдегімен ағызатын шешен, адуын адам еді. Менен бір жас үлкен Сәрсенбай атты баласын емізіп отырса, мен барады екенмін-дағы Сәрсенбайды итеріп жіберіп, өзім емеді екенмін. Сонда кіндік шешем еміреніп, баласын емес, мені емізіп отыра береді екен.

Ол кісі қайтыс боларының алдында бір-екі күн бұрын мені қатты іздепті. Балаларына: «Апам баласын шақырыңдаршы! Шақырдыңдар ма, келді ме?» деп қайта-қайта сұрап жатыпты. Кейін мен Сәрсенбай мен Жағыпарға қатты ренжідім, амал не... Сол жылы Созақта қайтыс болған Дүйсенбай нағашым да мені кетер алдында әбден іздеген екен. Әйелі мен балалары хабар беруге жарамапты. Сол екі адам – ақ сүтін берген Қантсары апам мен нағашымның ішіндегі жарамдысы Дүйсекең не айтпақшы болды екен деп әлі ойланамын...



Немеренің тұңғышы, тіпті алғашқы екі-үшеуі қазақ дәстүрі бойынша кемпір мен шалдың тәрбиесін көріп өседі. Бұл – барлық жағынан құптарлық, әлемдік тәжірибеде теңдесі жоқ үрдіс. Біріншіден, баланың әкесі мен шешесі өздері де әлі бала есепті, кішкентай сәби оларға қолбайлау болады. Екіншіден, ата мен әженің балаға бөлер уақыты көбірек. Үшіншіден, өз бала-шағаңды өсірген кезіңде, жаңа айтқандай, өзің де әлі баласың, оның қадырына жете бермейсің. Қазақ сол себепті «баладан немере тәтті» дейді. Өйткені, оның әрбір сөзі мен қылығына жете мән беріп отырады. Ал, баланы жеті жасқа жеткенше тәрбиелеудің маңызын сөзбен айып жеткізу қиын. Адамзат ойының алыбының бірі, орыстың ұлы жазушысы Лев Толстой тіпті: «Бала бес жасқа дейін-ақ ақыл тоқтатып болады, одан кейін тек тәжірибе жинайды» деген. Одан бөлек қазақта да: «Балаңды бес жасқа келгенше патшадай сыйла, он бес жасқа жеткенше құлша жұмса, он бестен кейін досыңдай сырлас» деген ұлағатты сөз бар.

Міне, баланың болмысы қалыптасу кезеңіндегі осынау аса бір жауапты кезеңде оны ата мен әже тәрбиелегенінің орны бөлек. Ең бастысы, бұл уақытта әке мен шеше балаға қатты ұрсып, тіпті ұрып тастауы мүмкін. Ал, ата мен әже ондайға бара қоймайды. Өте жас кезінен таяқ жеген бала басқа ұрған жылқыдай жасық болып өседі. «Әйелді аяқпен теппе – бағы қайтады, баланы таяқпен ұрма – сағы сынады» депті жоғарыда аты аталған Мақаш атамыз.

Мен де бала болып әке мен шешеден ұрыс естіп, таяқ жемей өстім. Апамның беделі ауыл арасында сұмдық еді. Бұзықтау болсам да бір әйел маған батып ұрса алмайтын. Әкемнің өзі мен кішкентай кезінде аяғына оратылсам кемпірдің көңіліне келіп қалармын деп, мені аяғымен итеріп тастап кете береді екен. Өзінің ішінен шыққан екі қызынан менің әкемді артық көріп, «жалғызым, жалғызым!» деп отыратын апамның маған деген де мейірімі шексіз еді. Мен сегізінші сыныптан соң мектепті Алматыға барып бітірмекші болдым. Ол кезде астанада жалғыз ғана қазақша мектеп, шопандардың баласын оқытатын жалғыз ғана мектеп-интернат бар екен. Мен Асанәлі Әшімов ағамның, апамның Қартабай атты ағасының Торқа деген қызынан туған Кеңес деген ағамыздың көмегімен әкем шопан болмаса да сол №2 мектеп-интернатқа қабылдандым. Соның әуресімен бір айдай Алматыда жүріп келсем, апам байғұс әкем мен шешеме: «Сендер мұнда мәзсіңдер, Алматыда менің балам қайтіп жүр екен?» деп уайымдап, жөнді тамақ та ішпейді екен. Мынадай теңдессіз ақ пейіл, аналық махаббатты көрген мен: «кәрі қойдың жасындай жасы қалған апамды тастап ешқайда да бармаймын» деп шештім. Сол жылы, мен тоғызыншы сыныпта оқып жүрген қыста, 1-қаңтар күні апам қайтыс болды. Ағама (әкеме) мейірлене қарап, қайта-қайта қолынан сипап жатып кетті. Маған бірнеше рет: «Қатарыңның алды бол!» деп батасын берді. Құданың құдіреті, баяғы заман болса нағыз жұттың өзі саналатын, жүз жылда бір-ақ рет келетін сол айтулы қатал қыста апамды жерлеген күні, жетісі мен қырқын берген күні аспан шайдай ашық болды-дағы, сол жиындардың алды-артында бет қаратпас боран соғып тұрды...

Арда-Шер балам, сен кәзір он бірге шығасың, ал, мені кемпір шешем бірінші сыныпта жүргенде-ақ жиын болатын үйлерге қызмет етуге жұмсайтын. Мен ұяламын, барғым келмейді, кітап оқып үйде жатқанды артық көремін. Апам болса: «Бар, қолға су құясың, үлкендердің батасын аласың, көпке қалай қызмет істеуді үйренесің, тым болмағанда үлкен кісілердің өнегелі әңгімесін тыңдап өсесің» деп қояр да қоймай жіберетін. Мен содан жаман болдым ба? Жоқ. Ауылдағы Сапарбай марқұм, Сәрсенбай үшеуміз-ақ қанша қонақ келсе де шәй қойып қайнатып, таң атпай тұрып, екі жерошаққа от жағып, бәріне үлгеріп жататынбыз.

*(Жалғасы бар)*

**Өмірзақ АҚЖІГІТ**

# ПЛАНЕТАРНЫЙ КАНОН

**«МУРАТ АУЭЗОВ В СИЛУ СВОИХ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ ПРЕДПОЧИТАЕТ УСТНОЕ СЛОВО. ЗА МНОГИЕ ГОДЫ ЗНАКОМСТВА Я УБЕДИЛСЯ: ЭТО, В САМОМ ДЕЛЕ, ЕГО СТИХИЯ. В НЕМ СИДИТ НЕЧТО СОКРАТОВСКОЕ. ОН КАК БЫ СТРАНСТВУЮЩИЙ ОРАТОР, ПРОСВЕТИТЕЛЬ, НОСИТЕЛЬ ИДЕЙ, ПРОПОВЕДНИК».**

**ГЕРОЛЬД БЕЛЬГЕР.**



**Многих из нас не оставляют размышления о казахском народе, его особенностях и широте души. И возникает желание отблагодарить его за те «шесть теплых одеял», как в воспоминаниях Мстислава Ростроповича о холодном вагоне 1942 года, когда мальчишкой он отправился в эвакуацию с артистами, согревшими его и спасшими от смерти и одиночества. И в те же годы, и ранее в казахскую степь привозили людей вагонами со всех уголков СССР. И казахи старались принять и отогреть каждого.**

**Как и сегодня, в мирное время, для гостя в Казахстане всегда открыта дверь и накрыт дастархан.**

**О способностях и особенностях казахского народа, его талантах, виртуальности казахского языка и возможности его синтеза с IT-пространством, ответственности за экологию души и земли Mk-kz.kz обсудил с Муратом Ауэзовым — человеком, рядом с которым нам повезло жить и мыслить в одну эпоху. Важно еще услышать и понять.**

## ГЕНЕТИЧЕСКИЙ РЕНЕССАНС

**— Мурат Мухтарович, в чем, по вашему мнению, состоит уникальность казахского народа?**

— У замечательного поэта Жубана Молдагалиева есть слова «Я — казах. Умирал и рождался я тысячу раз...» Эту эмоциональную реакцию можно отнести и на события декабря 1986 года, когда произошли жесточайшие расправы над молодежью, вышедшей на площадь Алматы. Когда были пролита кровь и подавлен дух. Народ наш погибал много раз и находил в себе силы и возможности возрождаться. В этом, я бы сказал, не уникальность, а его особенность. Современные казахи — это потомки номадов, представители конно-кочевой цивилизации. Они всегда строили свои отношения в пространстве.

**— Вы пишете, что «кочевник строит свои отношения с пространством иначе, чем оседлый. Естественное состояние непрерывного движения, перемещений вырабатывает в нем знание законов пути, включающих в себя не только практические навыки использования экологической среды, но и целую систему этических норм, эстетических принципов, философских умозаключений». Пространство кочевника способно и связывать разные времена?**

— Надо определить, с какого момента мы начинаем нашу историю, потому как она бесконечна, как история планеты. Казахи с начала XX века были подпитаны идеями алашординцев — совершенно гениального поколения ренессансных людей, очень образованных, имевших гуманное, гуманистическое по содержанию мировоззрение, стремившихся к тому, чтобы народ обрел свои независимость и достойное историческое бытие. А народ был откровенно колонизованным, и восстание 1916 года показало, как жестоко расправлялись с ним. Затем произошла ужасная трагедия в 30-е годы. Конечно, были и репрессии 1937 года и гражданские войны, но голод 30-х годов оказался чудовищным. Погибло больше трети народа. Это самая страшная форма смерти, когда мать выбирает между двумя детьми — кого из них оставить жить. Голод ломает психику, культуру, все выветривает, происходит дегуманизация человека. Об этом долгое время молчали литература и история.

**— В 1975 году на пленуме Союза писателей вы высказали мысль, что на такой литературе молчания надо ставить крест, и тогда стало очевидным, что самая большая трагедия казахского народа в XX веке — это крах, финал конно-кочевой цивилизации.**

— И тогда начали работать археологи, историки, увлеченные прошлым, и стало ясно, что в период конца эпохи бронзы — начала эпохи железа появляется большое количество изделий из железа. В том числе железные удила и стремена, которые не окисляются, не отравляют животное. С приходом железа появляется новая динамичная сила, по существу научно-техническая революция — конь становится средством покорения больших пространств. И если в Китае железо применяли для вспахивания земель, дающих урожай, то всадникам стали покоряться безграничные пространства, способствующие установлению контактов между очагами цивилизации, существующими параллельно во времени. Наступает период, который историки называют временем пророков. Появляются конфуцианство, даосизм, зороастризм, раннее христианство, и все происходит в соотношении с такими потрясающими очагами культуры, как греко-античный и греко-римский мир, Месопотамия, с возникновением эпоса о Гильгамеше. Все эти миры и культуры вступают в контактные связи, пересечения.

## КТО МЫ?

**— Изучение истории всполошило умы?**

— Во времена тоталитарного режима в недрах империи вызревали зерна протеста против идеологизированной истории казахов. Как всякая империя, она приводила наше историческое сознание к отвлеченной форме и однобокой трактовке «светлое сегодня и темное вчера». И никак не приветствовались попытки посмотреть вглубь времен, к примеру, в Средневековье — по существу мысли, интеллекта, истории, памяти они жестко не поощрялись.

Но тоталитарная система какие-то трещины уже давала. Весело, буйно, громогласно началось все в 60-е годы в Москве, тогда центре единой советской страны, и я помню времена, когда появились Евгений Евтушенко, Андрей Вознесенский. Они публично выступали со своими стихами в парке «Сокольники», на стадионе «Лужники», собирая большие толпы поклонников. Поэзия была востребованной, воодушевленной, истинной, преображающей действительность.

В это время я учился в Москве, в МГУ имени Ломоносова, а студенты этого главного вуза всего Советского Союза всегда были на передовых позициях свободомыслия и демократии. Ходили мы и в Политехнический музей, где пели Окуджава, Галич. Трещины давала вся прежняя система. И становилось все больше тех, кто в контексте национальных судеб задавался вопросами: «Кто я? Кто мы?»

Вопросы стали популярными, возникая вследствие разрушения идеологических канонов. Мир открывался заново, а исходный материал был скудноватый, многое было придавлено завесой секретов, и люди все еще находились в состоянии оцепенения. Но уже просыпалось и возникало ощущение, что воля человека, стремящегося к облагораживанию, преобразованию, освобождается.

Ломалось все старое, и мы проецировали на себя то, что происходит в Москве с русскими диссидентством, интеллигенцией. И эти процессы были одухотворены и ценны, и даже при общении было видно, что людям приятно встречаться друг с другом, чувствуя освежающее дыхание появившейся раскованной мысли. Это было притягательно.

Думаю, это новое дыхание Москвы сыграло позитивную роль в том, что затем происходило в Литве, Украине, Закавказье и Казахстане. Тогда же появились наши поэты, и Олжас Сулейменов написал: «Бросим робким тропам грохот копыт в лицо!..» («Аргамак»). Вышел к народу Ануар Алимжанов, появились серьезные романисты, которые вводили в наше сознание историю гораздо более глубокую, чем та, которая поощрялась бюрократическим аппаратом.

## О ПРИРОДЕ ДУХА

**— Обретение свободы мысли иногда стоит нарушения спокойствия, не так ли?**

— Казахи — это еще и храбрые воины, неоднократно подтвердившие свою доблесть и в более ранние времена, и в страшный XX век, когда волна за волной шли войны, голод, репрессии. И после всего этого они все равно отправились на Великую Отечественную войну, проявив чудеса отваги, защищая главные стратегические рубежи фронта.

Сила духа была проявлена и в декабрьские события 1986 года. Социологи, историки сегодня говорят, что природой столкновений молодежи Казахстана и власти являлась социальная неустроенность. Но не только это стало причиной волеизъявления народа. В тот год на площадь вышли носители нового сознания и самоощущения, молодые люди, воспитанные свежим дуновением исторической литературы, услышавшие голоса поэтов своего времени. Они были наполнены чувством гордости за свой народ и его историю.

С приходом Колбина закрывались школы с казахским языком преподавания, газеты. Оскорбленные чувства, которые вселялись в людей, стали нарастать, и, несмотря на то, что это была безнадежная борьба с системой, гордость и честь, проявленные в ней, оказались превыше всего.

В этой связи возникло и антиядерное движение «Невада-Семипалатинск», проявившее себя несколько лет спустя, в 1989 году. Оно показало объективную потребность в том, чтобы избавиться от ужаса памяти силового подавления народа, его воли, оскорблений декабря 1986 года.

В это движение был включен лидер народа Олжас Сулейменов, впервые выступивший в стране с тезисами о том, что радиация не различает, кто из нас какой крови и веры: мы — единый народ Казахстана, и беда касается всех. Я был первым вице-президентом движения и могу сказать, что была проведена мощная международная деятельность, несущая оздоровляющее действие, и от декабрьских оскорблений в том числе. И в этом вновь проявилась способность народа к возрождению. Создавались великолепные стихи, прекрасные песни, был написан гимн «Невада-Семей».

**— Давайте напомним, что за несколько дней до организации движения на Семипалатинском ядерном полигоне произошла утечка радиоактивных газов. И Олжас Сулейменов, основоположник национал-патриотического движения в Казахстане, поставил вопрос о приостановке деятельности полигона. Возле здания Союза писателей Казахстана 28 февраля 1989 года собрались тысячи людей, выразив протест против проведения ядерных взрывов. Марши протеста, демонстрации прошли волной не только в Казахстане, но и в России, Америке и Японии. В итоге деятельность движения привела к сокращению количества взрывов на Семипалатинском полигоне, последний из которых состоялся 19 октября того же года. И в Курчатове, бывшем центре закрытого в 1991 году Семипалатинского ядерного полигона, прошел митинг. Есть даже знаменитый фотоснимок, где вы с бородой, весь такой брутальный, выступаете перед аудиторией на этом митинге.**



# МУРАТА АУЭЗОВА



— Военно-промышленный комплекс Курчатова уже тогда трещал по швам. Митинг прошел в шести километрах от места взрыва, и трещина от взрывной волны пролегла прямо у нас под ногами. На том митинге были и офицеры, находившиеся по службе на земле, где родились Абай, Шакарим, Мухтар Ауэзов, написавший всемирно известный роман. Я задал им вопрос — прочитал ли кто-нибудь из них «Путь Абая»? И не было абсолютно ни одной поднятой руки, что проявило показательную отчужденность офицеров от судьбы и боли этой точки планеты. В Курчатове мы развели два огромных костра, символизирующих формулу возрождения. Между ними надо было пройти, и, помню, как местное население помогало нам провести этот обряд очищения, поддержав инициативы творческой интеллигенции страны.

## ОБРЕТЕНИЕ СЕБЯ

**— Что легло в основу нового бытия?**

— Когда мы заглянули в колодцы времен, коснувшись Средневековья, пошли дальше в караханидскую эпоху X-XI веков, а там имена и произведения аль-Фараби, Юсуфа Баласагуни, общетюркское наследие. А затем древнетюркский каганат VI-VIII веков, и письмена, и поэмы, высеченные в камне. Все это завораживало. А далее — сакское время, конец эпохи бронзы — начала железа, эпоха одухотворенности, в которой находились предметы, говорящие о замечательной культуре.

Параллельно перестали молчать горы и открывали нам удивительные рисунки, гравюры на скалах. Появились исследователи, изучавшие их. Потому, когда мы говорим о казахах как о народе, который тысячу раз погибал, но и возрождался, то подразумеваем огромный опыт его этнического ренессанса, обретения себя вновь, выхода из инобытия.

А инобытие есть и наступавшее русскоязычие, которое проявлялось и среди одухотворенных поэтов Казахстана, и Олжаса Сулейменова, и среди писателей, Булата Жандарбекова, к примеру, написавшего роман о Томирис. Это люди языкового инобытия, формула которого предполагает обретение себя.

Это особая энергия, настрой души, интеллекта, сила которых заключается в том, чтобы выйти из инобытия и вернуться к своим корням, но не отождествлять себя с тем, что было до его наступления. А было оно и арабоязычное, когда доминантой в Средние века был арабский язык. Но случился мусульманский ренессанс, при котором Алишером Навои были написаны книги на тюркском языке. И это были первые книги, по которым тюрки услышали свой язык. При этом Навои, выходя к обретению своих корней, неразрывным нитям времен, великолепно владел и фарси, и арабским, и другими языками.

**— То есть всегда происходила некая виртуальность существования языка во времени?**

— Линия связи времен есть смысл казахской культуры. И многие народы, дожившие до этого дня, владеют этой потрясающей жизнеспособностью, талантом сохранения через века своей исконной обогащаемой сути. И до появления Навои, еще в X-XI веках, происходило освобождение от арабоязычной доминанты, когда появились такие потрясающие личности, как Махмуд аль-Кашгари, совершивший путешествие по всем землям, где жили тюрки. Он собрал огромное количество пословиц, поговорок, возродил все то, что было снесено арабской лингвистической картой, и написал словарь тюркских народов, известный под названием «Собрание тюркских языков» («Диван лугат ат-турк»). Этот словарь-справочник признано называть тюркологической энциклопедией. На тюркском языке писали и Юсуф Баласагуни, и Ахмед Яссауи.

## КОММУНИКАЦИИ — ОПЫТЫ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

**— Но и другие таланты народа способствовали развитию языка?**

— В этом отношении одним из органических свойств казахской кочевнической культуры можно назвать открытость контактам — интерес к мирам и языкам, умение сотворять, плодотворность взаимодействия. Если помните, то одна из заповедей, которую должен выполнить герой казахского эпоса, соответствует требованию познания языков семи народов. Всегда надо задаваться вопросом: одолел ли ты семь хребтов и узнал ли ты языки семи народов? Если да, то годишься в эпические герои. А семь — это еще и цифра множественности.

**— Значит, культ языка всегда был?**

— Так из детства кочевник встречается с огромным количеством дорог и имеет дело с большим и многообразным пространством. Потому он должен осваивать языки, и это одно из фундаментальных свойств нашего мировидения.

**— На этом вырастала и собственная религия — тенгрианство?**

— Имея дело с большим пространством, нельзя не слышать голоса и ритмы природы, космоса, звезд. И в этом отношении тенгрианство органично присуще кочевнику испокон веков. Оно проходит сквозь ислам, христианство, все иные религии, но появилось именно здесь. О Наурызе тоже можно говорить как о тенгрианском празднике, потому что он полностью отвечает ритмам природы.

**— В «Тоньюкук» вы пишете, что «действие покровителей тюрков — голубого неба, бурой земли-воды, богини Умай не отнесено в прошлое, а вынесено в настоящее и перспективу».**

— Во всем пантеоне богов Умай считаю своей любимой. Умай карала за трусость в бою. Ее появление также стало освобождением из-под плена языков, культуры, религий. И всюду в течение всей истории казахов бьются возрожденческие животворящие источники. Народ, предрасположенный к возрождению, подобен природе. Ему неоднократно удавалось переродиться: вроде бы находится на краю пропасти, и вдруг что-то происходит, и он возрождается вновь во всем сиянии самоутверждения, при этом не отрываясь от корней и не отождествляя себя с тем, что происходило нового.

**— Возрождение есть и память?**

— Казахи — народ динамики, динамичного состояния. Это народ, который умеет залечивать раны, откочевывать от беды, но не для того, чтобы забыть могилы предков, куда он обязательно вернется, так же как к своей исторической памяти и истории. Потому память есть носитель истории и языка. А у казахского народа феноменальная память: вспомним акынов, которые могли петь сутками, месяцами. Это предмет особой гордости, но также особенности народа. Прекрасная память, открытость пространству, контактам, толерантность, понимание другого, в единой системе которых вырастают не только воины, но и Великий Шелковый путь.

## МИРНЫЙ ПУТЬ

**— Великий Шелковый путь, по сути, феномен?**

— Этот путь — ровесник той ситуации, когда Китай стал строить великую стену, огораживая свой мир, в котором уже все было хорошо гармонизировано, от северных варваров, которые только и умеют, что скакать на лошадях. Но связи кочевников, соединяющие их с разными народами, придают им еще и благородный смысл, потому как происходит объективное взаимодействие вер, культур, поэзии. Появляются караван-сараи, которые создаются на таком расстоянии друг от друга, что растягиваются на тысячи километров, и атмосфера в них складывается такая, что никогда не достигнешь успеха, если не услышишь и того, кто рядом, и другого, что далеко. О таких караван-сараях писали, что от Самарканда до самых дальних городов кошке не составляло труда бесконечно перепрыгивать «с крыши на крышу», не касаясь земли: так близки были стоянки кочевников. Один из фундаментальных законов Шелкового пути — уметь договориться. Иначе кошка не допрыгнет с крыши одного дома до другого.

Со своей психологией, философией миротворчества караван-сараи Шелкового пути всегда были заинтересованы в мире. И когда мы желаем мира сегодня — это не пафосные слова, а убежденность в том, что мир для нас — абсолютная догма. В этом отношении Олжас Сулейменов высказал замечательную мысль о том, что человечество помнит десятилетия войн, но совершенно забывает о тысячелетиях мира. А это был Великий Шелковый путь.

## ЯЗЫКОВОЙ КОСМОС

**— Вероятен ли синтез казахского языка, его генетического космоса с интернетом, IT-виртуальностью?**

— В этом нет никаких сомнений. Спрос рождает предложение. Технические средства приходят как следствие запроса. И как только прояснится, что мы вступаем в динамичное состояние, то те технические моменты, что сегодня кажутся нам неким чудом, будут восприниматься просто и элементарно. Это всего лишь еще одно реальное пространство, которое не заменит чего-то, но поможет его обрести, найти через него дорогу в космос, океан, неосвоенные страны и пустыни. Оно не будет ничего подменять, а только поможет овладеть еще одним пространством.

Язык казахский — великолепный, органично впитавший в себя множество слов из других культур и языков — арабского, персидского, русского, проявив свои жизнеспособность, мускульность. Удивительный язык, в котором даже географические названия местности неслучайны. Они несут огромное количество информации. К примеру, сразу понятны названия рек Ак-су, Кара-су, иногда названия несут обозначение направлений — откуда течет источник и куда, масса других понятий, которые при знании языка дают много информации, позволяющей гораздо комфортнее жить на более знакомом по их наименованию рельефе. А насколько увлекательны сказки о звездах! Ночное небо в транскрипции казахского языка — это самая роскошная книга сказок.

## ПЛАНЕТАРНЫЙ КАНОН

**— Почему сегодня это может иметь утилитарный пример для других языков и культур?**

— Просто мы сейчас стоим перед необходимостью и неизбежностью осваивать космический океан, а это есть то же самое движение, динамичное состояние, а не только техническое перемещение. Это есть мировидение. И феномен дороги у казахов обыгран невероятно, и те каноны, которым должен соответствовать человек дороги. Есть среди них и масса запретов, таких как не оскверните землю, попутчика, природу. Есть у народа и свои покровители дороги, о которых нельзя забывать. Все действия человека имеют фундаментальный принцип, придерживающийся этики и нравственности. Это канон, планетарный закон — не оскверни землю, не убей, поклонись природе. Все должно быть совершенно.

На месте пребывания человека на природе все должно оставаться таким, как было до его присутствия, точнее так, будто человек здесь и не побывал. Важно проявлять предельное уважение к земле. Весь мир — это люди одного большого пространства, и это пространство есть дом, требующий заботы и бережного отношения. Эти каноны заложены в традициях, языке, музыке, поэзии, наставлениях казахского народа. Незнание их новым поколением, его отчуждение от этого говорят лишь о том, что это не совсем казахи, не номады. Номад не навредит своей земле.

**Ольга ЗОРИНА**

**Согласно пункту 18 статьи 77 Кодекса РК «О здоровье народа и системе здравоохранения», любая медицинская процедура, в том числе и вакцинация, в нашей стране проводится только с информированного согласия прививаемого. Административной или уголовной ответственности за отказ от вакцинации в Казахстане не предусмотрено, любые притеснения будут являться незаконными.**




# COVID-19: ЗДРАВООХРАНЕНИЕ РК ДАЕТ СИСТЕМНЫЕ СБОИ

### КАК ВЫЙТИ ИЗ «ВИРУСНОЙ» ЛОВУШКИ?

В Казахстане официально объявили о массовой вакцинации от коронавируса с 1 февраля. Однако российская вакцина «Спутник V» до сих пор не одобрена Всемирной организацией здравоохранения (ВОЗ).

Ведь вакцину обычно испытывают в течение нескольких лет. Вакцина «Спутник V», как и другие вакцины против COVID-19, еще не прошла всех стадий клинических испытаний. В самом деле, кто может с уверенностью ответить на такие вопросы: какая картина будет после вакцинации через полгода, год, два – не будет ли заражения вирусом, какие будут последствия для здоровья, как ее перенесут пожилые пациенты, люди с хроническими заболеваниями и т.д.

Какие последствия на генном уровне? А сколько смертей от тромбоза? Как быть с больными с онкологией, с сахарным диабетом и др.? Насколько необходима вакцинация пожилых и тяжелобольных?

Фармацевтические компании-производители вакцин от COVID-19, например Pfizer и Moderna, не будут нести ответственность в случае появления серьезных побочных эффектов у добровольцев, испытавших разработанные препараты.

С другой стороны, информацию о «страшных» побочных эффектах Pfizer казахстанцы получают в первую очередь от российских СМИ, которые трубят об этом чуть ли не ежедневно. Налицо фармацевтическая война, противостояние пропаганды.

Например, протокол исследования вакцины Pfizer полностью опубликован со всеми результатами, побочными эффектами и так далее. Все побочные эффекты обсуждаются открыто. А протокол вакцины «Спутник V» опубликован на официальном сайте, но нет результатов. Иными словами, сведения о смертности, серьезных последствиях от вакцины – это закрытая информация.

Нередко появляются новости об умирающих людях после вакцинации на Западе, особенно пожилых. А то, что таких новостей нет с России, объясняется, скорей всего, тотальным контролем СМИ.

То есть никаких гарантий производители вакцины и наши медики не дают, ответственность Министерство здравоохранения и врачи за побочные эффекты от введения вакцины не несут.

По этой причине необходимо требовать у зарубежных поставщиков вакцины при заключении соглашений на поставку вакцины взять на себя ответственность за возможные последствия для пациентов, раскрыть механизм возмещения ущерба пострадавшим. Однако таких гарантий вряд ли какой-либо производитель даст из-за незавершенности всех стадий клинических испытаний.

Если не будет такой ответственности, надо подождать производство отечественной вакцины, за которое должно нести ответственность наше Министерство здравоохранения и разработчики вакцины.

Возможно, вакцинация против



COVID-19 – единственно правильный выход из ловушки, но тогда надо раскрыть реальную картину с ковидом у нас, причины огромной прошлогодней смертности, насколько и как повлияло распространение коронавирусной инфекции на нее, причины нынешнего всплеска заболеваемости и смертности.

### КАЗАХСТАН – ЗАЛОЖНИК ПРОТИВОРЕЧИВОЙ ИНФОРМАЦИИ

Наши власти официально объявили, что есть два выхода из «вирусного» кризиса. Это тотальный локдаун, как в Ухане, или вакцинация. В итоге решили, что окончательно победить коронавирус можно только через вакцинацию.

И вместо того чтобы разъяснять, доказывать необходимость вакцинации, как это делают во всем цивилизованном мире, наша страна выбрала путь принуждения и ограничения прав невакцинированных.

Однако и вакцинацию надо проводить грамотно, изучая международный опыт. Например, в Японии не торопятся с вакцинацией, и там относительно благополучная ситуация.

В то же время после массовой вакцинации Минздрав Израиля разрешил не носить маски на улице, на открытом воздухе. Также в стране полностью открылись школы. В Израиле зафиксировано резкое снижение количества случаев заражения.

В Израиле вакцинацию прошли около 80% населения, но выросла смертность среди вакцинированных, особенно среди пожилых пациентов. За всю пандемию в прошлом году в стране умерло от коронавируса 3050 человек, зато всего за полтора месяца этого года – 1900 человек, а на данное время всего умерло от КВИ более 6000. С начала вакцинации людей старше 85 лет умерших больше, чем за весь прошлый год.

Вывод: в РК людей старше 75 желательно не вакцинировать – в Израиле много смертей после вакцины среди людей старше 85 лет (там долгожителей больше, чем у нас). Ведь клинические испытания вакцин не проводили среди пожилых людей. Хотя в России призвали вакцинировать людей старше 65 лет. Такую противоречивую информацию необходимо внимательно изучить перед массовой вакцинацией.

В итоге в РК отсутствие доверия общественности к властям и кампании вакцинации может стать серьезным препятствием для реализации планов властей страны по борьбе с коронавирусом.

Нехватка лекарств в прошлом году, фальсификация статистических данных о числе инфицированных и умерших, а также неумелое использование правительством средств, выделенных на борьбу с пандемией, вызвали скептицизм в отношении кампании вакцинации.

Казахстан оказался заложником противоречивой информации. Недавно Бюро нацстатистики опубликовало статистику по смертям за 2020 г. За прошлый год в стране умерло на 29 тысяч человек больше, чем в 2017-2019 гг. При этом от коронавируса официально скончалось 2 865 человек.

Согласно статистике, в прошлом году умерло 162 613 казахстанцев. Это самый высокий показатель за прошедшее десятилетие: умерло примерно на 20-30 тысяч больше, чем в предыдущие годы.

Если взять цифру 2865, то у нас в некоторые годы приблизительно такое количество смертей было от гриппа, но никто не вводил массовую вакцинацию от гриппа.

С 2 августа 2020 г. Минздрав публикует отдельную статистику заболевших «пневмонией с признаками COVID-19» и умерших от нее. Минздрав сообщил о 49 749 заболевших и 653 летальных исходах. Заболевшие такой пневмонией и скончавшиеся от нее до 1 августа в базе не отражены; Министерство ссылается на то, что включить их невозможно по техническим причинам.

Несмотря на то, что статистика COVID-19 и пневмонии называется объединенной, данные по заболеваемости пневмонией и смертности от нее приводятся отдельно от данных по коронавирусной инфекции.

### ПЛОДЫ «ОПТИМИЗАЦИИ» СИСТЕМЫ ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

На днях президент Кыргызстана Садыр Жапаров заявил, что врачи этой республики нашли метод, который позволяет вылечить больного коронавирусом за 2-3 дня. Наши врачи не могут порадовать такими успехами, и в последнее время смертность от коронавируса и пневмонии растет в Казахстане.

Мы пожинаем плоды небывалой экономии на социальной сфере: здравоохранении и образовании, низведении Академии наук до уровня общественной организации. Это плоды так называемой «оптимизации», экономии в финансировании здравоохранения, образования, науки. И вот на фоне эпидемии коронавируса в Министерстве здравоохранения признали нехватку 4 тысяч врачей и 800 эпидемиологов в Казахстане.

В итоге – сокращение количества НИИ, больниц, амбулаторий, фельдшерско-акушерских пунктов, расписание норм приема узкими специалистами в поликлиниках такое, что к невропатологу или отоларингологу по предварительной записи можно попасть через 2-4 недели на 10 минут. Не говоря о заметном снижении компетенции врачей, особенно молодых – результат коррумпированного ЕНТ с его известным списыванием.

В советское время в селах были медпункты с врачами, были даже роддома. «Оптимизация» в системе здравоохранения привела к уменьшению количества больниц и поликлиник, особенно в сельской местности, и многие села остались без фельдшерского пункта. Районные больницы потеряли свой статус. Если сейчас в столице и в крупных городах не в состоянии обеспечить лечение и госпитализацию больных, что тогда происходит в аулах и районных центрах?!

Медицинские вузы за годы независимости потеряли былую качественную подготовку врачей.

В итоге у нас ситуация со здравоохранением критическая. В целом видна неготовность специальных служб к биологической войне.

Провалена обычная профилактическая работа среди населения.

Образовался порочный круг: система здравоохранения РК в прошлом году не справилась с наплывом больных, врачи неправильно лечили от «ковидной» пневмонии, в аптеках не было многих лекарств, заболели сами врачи, значительно выросла смертность населения, нет собственной вакцины, и ныне никто не знает, как выйти из «вирусной» ловушки.

Действия правительства оставляют какое-то двойственное, двусмысленное впечатление. С одной стороны, наши высшие чины вроде искренне переживают, выражают сочувствие людям в их горе, потере близких и родных, пытаются принимать определенные меры и действия, чтобы приостановить распространение вируса, помочь людям, медицине и стране.

Но с другой стороны, ощущается какая-то беспомощность, нерешительность, недосказанность и т.д., как будто что-то выжидают при отсутствии определенной грамотной стратегии, программы действий по выходу из создавшегося масштабного кризиса.

Вообще абсолютная хаотичность принятия решений властями наблюдалась с самого начала пандемии. Когда количество заражений исчислялось единицами, в стране объявили чрезвычайное положение. Было время для подготовки к пандемии, но не подготовились. В неизвестность канули миллиарды тенге, выделенные на борьбу с пандемией. Потом так же внезапно режим чрезвычайного положения был снят, люди ринулись работать, отдыхать, общаться ...и начался коллапс.

В силу отсутствия профессиональных и ответственных специалистов, аналитиков в правительстве, в Министерстве здравоохранения, до сих пор не выработана стратегия в вирусное время, и Казахстан терпит поражение на всех направлениях биологической и экономической войны.

Казалось бы, в такой неординарной ситуации нужно принимать быстрые адекватные, даже кардинальные управленческие, экономические, научные, медицинские и иные решения, вплоть до кадровых ротаций и смены непрофессиональных и коррумпированных чиновников с принятием государственной программы, но этого не происходит.

**Дастан ЕЛДЕС**



# ЖАЙЫРДАН КЕЛГЕН ЖАЛҒЫЗ ҰЛ...

«Мен ақын емеспін, тағдырым – ақын: көктемгі сағымдай сан құбылатын. Жаным Ұлытау секілді: өзені туласа, ұлары шуласа, байғұзы жыласа, тастары құласа, бораны аңыраса, ормaны жамыраса, қасқыры ұлыса – жаңғыратын» деп қазақтың жыраулық әдебиеті үлгісін ұстанған ұлт поэзиясының алып бәйтеректерінің бірі Жәркен Бөдешұлы да құлады.

Ғұмыр бойы туған жерін талмай жырлаған әдебиет майданы серкелерінің осынау көрнекті өкілі 1944 жылы 15 мамырда Қытай Халық Республикасына қарасты Тарбағатай аймағы, Толы ауданы, Жайыр тауында дүниеге келген. Азан шақырып қойылған есімі – Жармұхаммед. 1969 жылы тарихи Отанына оралған ол ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітіреді. Одан мерзімдік басылымдарда және мемлекеттік Кітап палатасында жауапты қызметтер атқарады. Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығында бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының әдеби кеңесшісі болған. Әр алуан басылымдарда ақынның «Аңырақай бекетіндегі ой», «Қарауыл төбе», «Генерал Жаһар Дудаев», «От пен су» («Сорос – Қазақстан» қорының жүлдесі берілген), «Тас бесік», «Бостандықтың басы», «Шер», «Жалғыз» атты дастандары жарияланды.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының және Түркі тілдер елдері поэзиясы ІІ фестивалінің лауреаты, Қ.Сәтбаевтың 150 жылдық мерейтойына арналған халықаралық мүшәйраның бас жүлдегері.

Шығармалары: Көкше құрақ. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жалын», 1979; Қос қанат. Өлеңдер. А., «Жазушы», 1982; Зейін. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жалын», 1984; Аспан даусы. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Жазушы», 1985; Нұрлы бояулар. Өлеңдер мен поэма-портреттер. А., «Жалын», 1988; Жұлдызға орнын ай бермес. Өлеңдер мен поэмалар. А., «Сөзстан», 1996; Емендер түнде бүрлейді. А., «Ана тілі», 2001; Бөрінің асығы. А., «Жазушы», 2005; Бұрылыс. А., «Сөздік-словарь», 2007; Құбылыс. А., «Глобус», 2009; Жұлдызтас. А., «Атамұра». Т.б.

Сондай-ақ И.Буниннің, М.Һәмраевтың, М.Зұлпықаровтың, П.Мәхсәтованың өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалаған.

*«Қазақ үні»*

# ЖӘРКЕН КЕТКЕНДЕ

Өшіпті дейді бір шырақ, бататын күндей қан қызыл.
Көшіпті дейді тым жырақ Жәйірден келген жалғыз ұл.
Қар жауған сәуір қаралы, шомғандай шүнет мың ойға,
Жалғыздар керек екен ғой өзі де жалғыз Құдайға.
Ажалдың жүзін көремін – безбүйрек беті бозарып...
Кеткендей болды өлеңнің өмірге ғашық көзі ағып.
Естіртем қалай Ертіске, Ілені қайтып жұбатам?
Жәркенің сенің жоқ енді, Қатудан атқан бұла таң...
Жәркенің сенің жоқ енді, жылаңдар бұлақ бұрымдар,
Боғданың биік шыңдары шайқалып бір сәт тұрыңдар!
Емендер түнде бүрлеген, шуладар алып шырқымды,
Мен енді кімге беремін қалтамда жарты құртымды?!
Мұндана неге қарайсың жоғалтып сәби жанды ізгі,
Бүлкілдеп екі иығы тенселіп тұрған Жалғыздық.
Айта алман тоқтау саған мен (онсыз да күйген жанып іш)
Ақынның әппақ шашындай ағарып кеткен Сағыныш...

**Мұрат ШАЙМАРАН,**
**ақын**

# ҚОШ, ЖЫРАУ! ҚОШ, ҚАРИЯ!

Жүзіне бір сәт қарасақ, жүзжылдықтарға бойлаушы ек,
Ізіне бір сәт қарасақ, ілкі бір күнді ойлаушы ек,
Шәкіртке дәріс бергендей, тәптіштеп өлең оқыса,
Қайсыбір тұсын сол жырдың қайталап сұрап қоймаушы ек.
Жарты дүниедей жырғалып Жармұхамед өтті десейші,
Жаралы қанат жалғыз құс Жайырға жетті десейші,
Қабаржып тұрған дүниеге қайырыла қарап соңғы рет,
Қасиетті Қаратауымды қалғып бір кетті десейші!..
Қош, Жырау!
Қош, Қария!

**Ерлан ЖҮНІС,**
**ақын.**

# ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАРҚЫН ДАРЫН ЕДІ...

Тағы да суық хабар қабырғамызды қайыстырып кетті... Қазақ әдебиеті тағы да ауыр қазаға ұшырады. Бұл жалғаннан Жәркен Бөдеш ақын да өтті десейші. Өткенде ғана ойлап қойып едім жағдайы қалай екен деп...

Соңғы екі апта көлемінде, сәуірдің суық желінде қазақ әдебиетінің үш қара нары өтіп кетті өмірден: Қабдеш Жұмаділ, Есенғали Раушан, Жәркен Бөдешұлы! Былтырғы қаралы жаздың кезіндегідей тағы да интернет қарауға қорқатын болдық.

Алла, жар бола гөр Алашқа!

Жәркен Бөдешұлы Қазақ поэзиясында өз өрнегі бар, өзіне тән өзгеше әлемі бар керемет ақын еді! Қазақ жырауларына табан тірейтін тамырлы жырлары тартымды да, бөлек бітімді еді. Тұла бойы тұнған ақындық болатын. Адам баласына жамандық ойламайтын аққөңіл, бауырмашыл жан еді.

Алматыда жатақханада тұрғанда бір бөлмелі үйімізге келіп, келінінің қолынан шәй ішіп, балалардың бетінен сүйіп кетуші еді.

2000-шы жылдары дүниежүзі қазақтары қауымдастығы басшысы Қалдарбек Найманбаевтың ұйымдастыруымен Қазақстанның Омбыда өткен мәдениет күндерінде бірге болып едік. Көрнекті жазушы Сұлтанәлі Балғабаев ағамыз бастап барды. Барған күні Омбыдағы қазақтарға үлкен концерт бердік. Омбының қалың қазағы жиналды. Алдымен концертті ақын өлең оқып ашуы керек болды. Сол күні екі ақын шығуы керек екен, таңдау Жәркен ағамыз екеумізге түсіпті. Әрине, мен жасы да, жолы да үлкен Жәркен ағамды алдыма салдым. Бірақ қайран ағам: «Мен бұндай үлкен жиындарда сахнаға бірінші болып шыға алмаймын, өлең оқырда қатты толқимын. Саған жолымды бердім, мен ортасына қарай шығайын» деп бас тартып, мен шықтым. Қасиетті поэзия алдындағы қандай кіршіксіз құрмет, биік жауапкершілік десеңізші...

Менің «Бүйрек жегіш бала» деген өмірден ерте өткен сатирик Лесбай Оспановтың рухына арналған жырымды қатты ұнатты. Ол туралы арнайы мақала да жазды. «Мынау ағанның өзіннің өлеңіне арналған лебізін өзің ұнатқан басылымға берерсің» деген еді. Енді ойласам, еш жерге басылмай қалған екен-ау көрнекті ақынның төте жазумен жазылған сол мақаласы.

Жәркен ағамның өмірдің өзіндей табиғи, тамырын тереңге тартқан тамаша өлеңдерін қатты ұнатып оқыдым. Біразын, мысалы Мұқағалиға арналған керемет өлеңін жатқа білуші едім.

Таудай едің таудың алып тумасы,
Нағыз қазақ едің ғой сен турасы.
Қыр басында неге шөгіп жатырсың,
Ей, өлеңнің буырқанған бурасы! –

деп, жатқа оқып берсем, мәз болып қуанып қалатын.

Енді өзі де өмір жолын аяқтап, қыр басында жатуға кетіп барады... Ал өлеңдегі жолы мәңгілік жалғаса береді...

Қазақ жыры бар да Жәркен ақынның жарқын жырлары да жасай береді.

Алды пейіш, арты кеніш болғай! Қазақ еліне көңіл айтамыз. Отбасы мен туыс-туғандарының қайғысын бөлісеміз..

Иманы саламат болсын!

Қош, жаны жайсаң, жарқын дарын Жәркен аға!

**Қазыбек ИСА,**
**ақын, ҚР Парламент**
**Мәжілісінің депутаты.**

# БАҚҰЛ БОЛ, АСҚАР ТАУ АҒА!

Қазақ өлеңінің өріне өз сүрлеуімен жол салып, баба заманның бағзы жырауындай төгіп-төгіп толғаған Алаштың үлкен ақыны, ардақты ағамыз Жәркен Бөдеш те соңғы сапарына аттаныпты.

Есенғали ағамыздың да есеңгіретіп кеткені кеше еді...

Қаршадай кезімізден осы ағалардың алдында жүріп өстік, тәрбиесін көрдік.

Кезінде Өтүкен өңіріне өте сыйлы болған Серік Ғабдуллаұлы ақсақал дүние салғанда, қазақтың талантты ақыны Бақытжан Раисова апайым «Ағаның қадірін енді түсінесің, Азамат» деген бір ауыз сөзі осындайда ойыма түсе береді.

«Алдыңда ағаң болған қандай жақсы» деген әйгілі ән бар еді ғой. Анау Қалихан атамнан бастап, ағаларыма көп еркелеген баламын.

Мен өзім арнайы оқу бітірмегем, бірақ сұрап қалғанда «Көкелердің институтын тәмамдағам» деп жауап беретінім бар.

Сол ұлы институттағы аяулы тұлғаның бірі, бірегейі – осы Жәркен аға еді.

Осыдан сегіз жыл бұрын менің алғашқы кітабым шығатынын естігенде қуанып, ақжол тілеп, ақниет пікірін жазған еді. Мынау дәу қорғандай аға иығының артында тұрған суреттің де түсірілгеніне он-он бір жыл болған-ау деймін...

Қош болыңыз, аға!

**Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ,**
**ақын.**

# УЫЗДАЙ ТАЗА ПЕЙІЛМЕН АТТАНДЫ

Жәкен Бөдешұлы дүниеден өтті деген суық хабарды естігенде өз құлағым мен хабарды оқыған көзіме сенбей сенделіп отырып қалдым...

Иә, Сараң ғасыр токсан тоғыз толғап, анда-мұнда бір туатын дарабоз таланттардың бірі де бірегейі осы Жәркен Бөдешұлы ағамыз еді. Алланың ісіне амал жоқ. Арамыздан жұлып алды да кетті. 76 шағына қараған жасы еді.

Ол осынау өмірін түп-түгел қазақ өлең өнеріне арнады. 15-18 ғасырдағы жыраулық дәстүрді 20-21 ғарырға жалғады. Ол 76 жылда Қара жерді де қара табанымен тап-таза басып өтті.

Иә, Біз пендеміз дейміз ғой. Бірақ Жәркен Бөдеш періште еді. Пендешілік оның бойынан да, ойынан да орын ала алмаған еді. Арына, адамдығына дат жұқтырмады. Пенделігіне тот шалдырмады. Отанын, халқын туған анасындай, сүйген жарындай, бауыр еті баласындай, көзінің қарасындай аялап сүйіп өтті.

Жә, сіз не сеніңіз, сенбеңіз. Ол көк тыйынсыз құрқол, ақшасыз құр жаңқалта жүрсе де, адамдық арын, ақындық басын еш нәрсеге айыр бастамай өтті. Отанын, халқын, елі мен жеріне, жұртына қарсы тамшы сөз айтпай кетті. Жамандамай өтті. Өзінің өлкелі көкірегіне өзі туған сұлу өлкесінің ару дасасын қоңырып алды да, жамандыққа еш орын қалдырмады. Сол ұлы даланы ұлағаттап жазып кетті. Мәңгілік мерует жыр тізбегімен өріп өнерге айналдырып кетті. Қара тасын да сүйіп өр биікке қойып кетті. Туған жерінің қоңызы мен доңызын да жахұттай жарқыратып, басқаның асылынан асырып кетті.

Міне, Жәркендей ақ жүрек ақын анасынан қалай уыз жүрекпен туса, бахиға да сол уыздай таза пейілмен аттанып кетті. Артына да сап таза алтындай жарқыраған тап-таза теңіздей терең жыр тастап кетті.

Өткен күннен белгі бар. Артына өлмес өнегелі сөз қалдырған арда ақын аға. Күллі өміріңіз сұлу жырдың бесігінде тербетіп өтіптіау. Алдағы ғасыр ұрпақтарымен рухани қазынаңыз бірге өмір сүреді. Ғасыр аунаған сайын биіктенбиікке көтеріледі. Сізді танитын, қастерлейтін, оқитын, тәлім алатын білімдар ұрпақтар келе жатыр. Олар сіздің рухани бесігіңізде тербеліп өседі. Рухани әлеміңізде сізбен бірге өмір сүреді. Бұл бұлтартпас шындық.

Жәркен Бөдеш өлген жоқ. Тәні кетті, жаны жұрт жанында бірге қалды. Әр тілекпен бірге, ақ жүрекпен қоса лүп-лүп соғып тұрады...

**Болат БОПАЙҰЛЫ,**
**фольклоршы**

ҚАЗАҚ ҮНІ
www.qazaquni.kz

**Қасиетті Рамазан айында әлемдегі иісі мұсылман қауым 1 ай бойы бес парыздың бірі – ораза ұстап, ауыз бекітеді. Исламдағы ұлық мерекелердің біріне орай еліміздегі барлық мешіттерде түнімен тарауық намазы оқылып, пітір садақа береді, Жаратушыға жалбарынып дұға қылады.**



# ОРАЗА
## САУАППЕН БІРГЕ ДЕНСАУЛЫҚ ТА СЫЙЛАЙДЫ

Ықылым заманда мұсылмандарға ораза ұстау парыз болған кезде адамдар ауыз бекітудің денсаулыққа қаншалықты пайдалы екендігін білді ме екен? Басқа ағымдағылар, жат діндегілер оразаны адамға жасалған қиянат деп даурыққанда, сол кезеңде Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: «Ораза ұстаңдар, денсаулықтарың жақсарады», – деп айтқан екен. Қазіргі дамыған медицина оразаның адам ағзасына келтіретін пайдасын анықтап, ашығу жолымен емдеу әдістерін тәжірибеге енгізді.

Ислам дініне ешқандай қатысы болмаса да кеңестік дәуірдің белгілі ғалымдары Николаев пен Нилов «Азық-түлік өнімдері» журналына жазған ғылыми еңбектерінде: «Қала экологиясының зардабынан бұзылған денсаулықты қалыпқа келтіру үшін және ағзадағы қалдықтардан, майлардан арылу үшін адам жылына 3-4 апта ашығу керек», – деп жазған болатын. Ашығу – адам ағзасына серпіліс беретін орасан қуат. Адам ағзасына сырттан тағам түспеген жағдайда бойдағы барлық қуат организмді зиянды микробтардан, қалдықтардан, ісік ауруларынан тазалауға бағытталады екен. Демек оразаның емдік қасиеттерінің бірі осында жатқанын аңғаруға болады.

Бүгінгі заманда аштықпен емделу медицинаның белгілі бір ұстанымына, тұрақты қолданатын тәсіліне айналды. Батыста ашығумен емдейтін арнайы клиникалар жұмыс істейді.

Медицина ғылымдарының докторы Роберт Бартлоу оразаның адам ағзасын қалдықтардан тазалайтынын және қатерлі ісіктерді алғашқы кезеңінде жойып жіберетіндігін тәжірибе жүзінде дәлелдеген ғалым. Ол өз еңбегінде: «Ашығу арқылы ағзаны микробтардан тазалаудың мүмкіндігі мол», – деп жазады. Расында ораза кезінде ішкі құрылысқа жиналып қалған майлар еріп, адамның иммунитеті күшейеді. Сонымен қатар, қан қысымы төмендеп, жүрек тынығады және қандағы холестерин мөлшері төмендеп, жүрек-қан тамырлары ауруларына деген қауіп-қатер азаяды. Ғалымдар ашығу арқылы қан құрамындағы қанттың, асқазан сөлі қышқылы мөлшерін ешқандай дәрі-дәрмектің көмегінсіз-ақ төмендетуге болатындығын дәлелдеп шыққан. Сол сияқты америкалық ғалым- дәрігерлер 22-25 жастағы ораза ұстаған әйелдер тобын арнайы бақылауға алып, олардың қан плазмасының құрамындағы ұрықтану мен ұрпақ көтеру процестерін реттейтін прогестерон, пролактин гармондарының мөлшерін зерттеген. Нәтижесінде, плазма құрамындағы пролактин 80%-ға азайып, прогестеронның қалыпты мөлшері өзгермеген. Ал бұл пролактин мөлшерінің азаюуы бала көтермей жүрген әйелдердің жүкті болу қабілетін арттыратынына көз жеткізген.

Бүгінгі зымыран заманда адамдардың алдымен жүйке жүйесі зақымданатыны баршаға аян. Ал, адамның жүйке жүйесін қалыпқа келтіруде де оразаның маңызы зор екен. Адам ораза ұстау арқылы өзін төзімділікке, сабырлыққа тәрбиелейді. Медицина ғылымдарының докторы М.Могомедовтың айтуынша, Рамазан айында адамның биологиялық ритмі қайта қалыптасады. Ал, биологиялық ырғақ – биологияда – биологиялық процестер мен құбылыстардың қарқыны мен сипатындағы мезгіл-мезгіл қайталанып отыратын өзгерістер реттілігі. «Биологиялық сағат» қызметін атқарады да, организмнің уақыт пен кеңістікте бағдарлануына, қоршаған ортадағы өзгерістерге алдын-ала дайындалуға мүмкіндік береді. Міне, дәл осы кезеңде адамның ас қорыту тракталарының жұмысы әлсіреп, күндізгі уақытта асқазан бездерінің жұмысы баяулайды. Сондықтан, Рамазан айында асқазан-ішек аурулары асқынуы мүмкін. Ал ауыз бекіту кезінде адам өмірінің барлық кезеңінде дамылсыз жұмыс істейтін асқазан оразаның арқасында орташа есеппен күніне төрт сағат тынығады.

Ораза кезінде ағзамызда өзгерістер орын алады. Алғашқы 1-2 күнде тазалану басталады. Оразаның бірінші күні қанымыздағы қант төмендейді. Жүрек соғысы бәсеңдеп, қан қысымы төмендейді.

Бұлшықеттен гликоген шығып, әлсіздік пайда болады. Сондықтан алғашқы күндері ең қиын болып келеді. Бас ауру, жүрек айну, ауыздан жаман иіс шығу, тілдің ауырланып, ісінуі - тазаланудың бірінші кезеңінің белгілері. Осы кезеңде аштық та қатты сезілуі мүмкін.

Тазаланудың екінші кезеңінде май қышқылы құрамындағы майлар ыдырап, глицеридтер молекуласындағы глицеринді босатып, глюкоза айналады.

Бет майланып кетеді, себебі ағза ашыған майдан арылып жатады. Бет терісі жаман адамдарда жағдай асқындап, аздап бөртпе шығуы мүмкін. Ағза оразаға үйрене бастайды, ас қорыту жүйесі демалып, барлық күш тазалануға және емделуге жұмсалады. Қанның ақ түйіршіктері мен иммунитет жүйесінің белсенділігі артады. Өкпе тұсыңыз ауырсынуы мүмкін. Тазалану органдары, өкпе жолдары ретке келіп, жаңалану процессі үстінде болады.

Тынысыңыздың әлі де жағымсыз иісі бар, тіліңіз де ағарып тұрады.

Тоқ ішекте де өзгерістер болып, ішек қабырғаларына жабысқан нәжіс ажыратыла бастайды.

Тазаланудың үшінші кезеңі 8-күннен 15 күнге дейін созылады.

Өзіңді сергек сезініп, қуатың тасып жүргенді сезіне бастайсыз. Алайда, ескі жараларың қозып, біраз ауырсынуы мүмкін. Бұл, ағзаның ораза кезінде өзін-өзі емдеуге көшкенін көрсетеді. Ағзаның өзін-өзі емдеу қасиеті өмір сүру салтына тікелей байланысты. Егер сіз салауатты өмір салтын ұстанбаған болсаңыз, онда ағзаның өзін емдеу, қалпына келтіруі қиындау болады.

Ораза барысында ағза өзін-өзі емдеу қасиетін іске қосып, белсенді етеді. Ағзаның бойындағы өлі не жарақаттанған жеріне де лимфоциттер секреттелген затарды жеткізіп, ақаулы жасушаларды жоюға кіріседі. Осы шырышты заттар бұрын болған ақау орнын қайта ауыруына әкеп соқтыратын сол жердегі жүйке талшықтарына әсер етеді.

Тазаланудың соңғы кезеңі 16-күннен 30 күнге дейін созылады.

Ағза ашығуға әбден үйренеді. Тазалану кезеңдері қысқарып, тіліңіз де қызғылттанып, тынысыңыз таза болатын күндерге жетесіз. Органдарыңыз өзін-өзі емдеуді аяқтайды. Ағза өзін әр түрлі ауру қоздырғыштарынан тазалағаннан соң, органдар екі есе тез жұмыс істеп, ақауы бар жойылған жасушалар орнын толықтырады. 20 күннен соң санаңыз тынық, жүйкеңіз тыныш, қуатыңыз көп, бойыңызда күш сезіледі. Есте сақтау қабілетіңіз де артады. Міне оразаның құдіреті осындай! Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын!

*qazaquni.kz*

## «АҚ ЖОЛ» ҚДП-ның 2020 ЖЫЛҒЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

| | | **01.01.2020 жылға қалдық** ***239 721 204*** |
|---|---|---|
| | | **2020** |
| **1.** | ***Ақшалай қаражаттардың түсімдері, барлығы*** | ***692 668 000*** |
| 1.1. | Оның ішінде мүшелік жарна, уақытша қайтарымды және басқа көмек | 3 650 000 |
| **2.** | ***2. Шығыстар, барлығы*** | ***622 436 909*** |
| | Оның ішінде: | |
| 2.1. | Жалақы | 235 407 251 |
| 2.2. | Салықтар және әлеуметтік аударым | 49 395 912 |
| 2.3. | Офистерді жалға алу | 90 826 313 |
| 2.4. | Байланыс, көлік қызметтері және пошта шығындары | 19 229 958 |
| 2.5. | Шығыс материалдары (кеңсе тауарлары, полиграфия өнімдері, ЖЖМ, шаруашылық тауарлары, ұйымдастыру техникасын толымдайтын катриджді қайта толтыру) | 17 777 682 |
| 2.6. | Іс-сапар шығындары | 10 926 424 |
| 2.7. | БАҚ-мен жұмыс | 94 404 760 |
| 2.8. | Іс-шаралар өткізу | 27 770 707 |
| 2.9. | Негізгі құрал-жабдықтар алу (ұйымдастыру техникасын, кеңсе жиһазы) | 6 673 885 |
| 2.10. | Қайырымдылық көмек және ынталандыру (демеушілік қаражат есебінен) | 3 650 000 |
| 2.11. | Өзге де шығыстар (кеңсе мен негізгі құралдар-жабдықтарды жөндеу, төсбелгілер шығару, полиграфиялық және имидждік өнімдер, консалтингтік қызметтер, банктік қызметтер т.с.с) | 66 374 017 |
| **3.** | 2011 жылдан ауысатын уақытша көмек бойынша берешек | ***81 990 240*** |
| **4.** | 01.01.2020 жылға қаражаттың қалдығы | ***309 952 295*** |
| | Оның ішінде: | |
| | Касса | 142 904 |
| | Ағымдағы есеп-шот | 309 814 391 |

**Меншік иесі:**
**«Қазақ үні» ЖШС**
**ҚАЗАҚ ҮНІ**
**Президент –**
**Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН**

**Бас редактор –**
**Құлтөлеу МҰҚАШ**
**Бас редактордың бірінші орынбасары –**
**Зейнолла АБАЖАН**
**Qazaquni.kz ақпарат агенттігінің**
**Бас редакторы –**
**Азамат ТАСҚАРАУЛЫ**
**Жауапты хатшы -**
**Гүлмира САДЫҚ**
**БӨЛІМ РЕДАКТОРЛАРЫ:**
**Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)**
Нұржан АСАН (көркемдеуші)
**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**
**Нұр-Сұлтан тілшілер қосыны:**
Азамат ТАСҚАРАУЛЫ
(8-702-931-89-86)
**Ақмола облысы:**
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)
**Арқалық қаласы:**
Нұрсұлтан НҰРМАН
(8-702-688-84-87)
**Алматы облысы:**
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)
**Жезқазған қаласы:**
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)
**Қарағанды облысы:**
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)
**Қостанай облысы:**
Төлен РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)
**Семей қаласы:**
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)
**Түркістан облысы:**
Әбдіғаппар АЙДАР
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)
Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)
**Түркістан қаласы:**
Әтіргүл ТӘШІМ (8-702-489-47-23)
**Тарату бөлімі:**
**Нұр-Сұлтанда:**
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)
**Шымкентте:**
Мүтән ИСМАЙЫЛ
(8-701-692-1340),
**Астанада «Алты Алаш»**
дүңгіршіктерінде сатылады
(8-701-572-88-47)
**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде 19. 12. 2012 жылы тіркелген. Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік №1270-Г, 01. 08. 2000 жыл).**

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы шарт.
Газетте «Қазақпараттың» материалдары пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер орталығында беттелді
**АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400**
**ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380**
**Редакцияның мекен-жайы:**
050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3 ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй
**Байланыс телефоны:**
8 (727) 398-57-31
**E-mail: qazaquni2000@gmail. com**
**www. qazaquni. kz**
**Кезекші редактор –**
**Дастан ЕЛДЕС**

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ508560000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК KCJBKZKX, Кбе 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

(А) – материалдың жариялану ақысы төленген